



President

БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Түркия Республикасына ресми сапары аясында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесті. Салтанатты қарсы алу рәсімінен кейін Қазақстан мен Түркия президенттері арасында келіссөз өтті.



Кездесуде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия басшысы Режеп Тайип Ердоған екіжақты ынтымақтастықты және сауда-экономикалық қатынастарды нығайтуды талқылап, халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі маңызды мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысына қатысты.

Қазақстан Президенті екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі мәселелеріне жан-жақты тоқталды. – Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас стратегиялық серіктестік рухында дамып келеді. Сауда-экономикалық байланыстар ынтымақтастығымыздың маңызды бөлігі саналады, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев Түркияның маңызды инвестициялық әріптестеріміздің бірі екенін айтып, екіжақты байланыстарды одан әрі нығайтудың нақты шараларына тоқталды.

– Бүгінде Қазақстан «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында көлік инфрақұрылымын жанартуда. Біз осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Орталық Азиядағы жетекші логистикалық хаба айна-

луды жоспарлап отырмыз. Осыған байланысты, бізге елдеріміздің транзиттік әлеуетін тиімді пайдалану қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы мұнай-газ және әскери-өнер-

кәсіп салаларындағы қатынастарды нығайту мәселелеріне назар аударып, агроөнеркәсіп кешенінде, туристік және ғылыми-техникалық салаларда тиімді байланыстар орнатудың маңызды

екенін атап өтті. Кеңес барысында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелеріне де ерекше мән берілді.

Осы күні Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Республикасына ресми сапа-

рының қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің алдында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсеткені үшін Түркия Республикасының Президенті Режеп Ердоғанға ризашылық білдіріп, өткен президент сайлауындағы жеңісімен құттықтады.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың стратегиялық сипатын атап өтті.

– Ортақ тарих пен рухани құндылықтарға негізделген қарым-қарынастарымыз қарқынды дамып, барлық бағыттар бойынша нығая түсуде, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті Режеп Ердоғанмен өткен келіссөз нәтижелеріне жан-жақты тоқталды.

– Бүгін Түркия Президентімен мазмұнды әрі нәтижелі келіссөз өткіздік. Бұл кездесу өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік берді. Жалпы, Астана мен Анкара өңірлік және халықаралық проблемаларды әрдайым ашық талқылайтынның атап өткім келеді. Бұл мәселелер бойынша біздің ұстанымдарымыз ұқсас, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысы екі жақты қатынастарға одан әрі тың серпін беретініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы екі елдің саяси диалог пен бауырлас халықтардың

достығын әрі қарай нығайтып, тереңдетуіне мүдделі екенін айтты.

– Қазір елімізде түрік капиталының қатысуымен құрылған 1800-ден астам кәсіпорын бар. Тауар айналымының көлемі өткен жылы шамамен 2 миллиард доллар болды. Бұл көрсеткішті болашақта 5 миллиард долларға жеткіземіз деп келістік, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа синергия» атты бірлескен бағдарламаны жүзеге асырудың аралық қорытындыларын атап өтіп, «түрік бизнесінің капитандарымен» жүргізілген келіссөздердің нәтижелеріне тоқталды.

– Жалпы, сапарым барысында құны 2 миллиард долларға жуық коммерциялық жобаларға қатысты келісімдерге қол қойылды. Алдағы уақытта бүгінгі қол жеткізген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін күш жұмылдыруымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті түрік инвесторларын Ақтау және Құрық порттары негізінде жұмыс істеп жатқан көлік-логистика хабын дамытуға белсенді атсалуды сұрады.

Р.Ердоған Қазақстан Президентіне ресми сапары үшін ризашылық білдіріп, өткен кездесулердің нәтижесін жоғары бағалады.

Түркия Республикасының Президенті сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту, білім және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелеріне қатысты келіссөздердің маңызды нәтижелеріне тоқталып, оның оң қарқынды екенін атап өтті.

«Mereii otbasy»

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ – ЕЛ ТҰТҚАСЫ



Уығы берік, керегесі кең, шаңырағы биік, бақытты отбасы – мемлекет дамуының алғышарты. Сондықтан да, Елбасы бастамасымен елімізде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы тұрақты өткізілуде. Байқаудың қалалық, облыстық, республикалық іріктеуіне қатысқан үміткерлер өздерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік және ғылым жолындағы жоғары жетістіктерін танытуда.

Мәлімдеу ҚАЛЫМБЕТ.

Жуырда осы байқаудың республикалық кезеңінен жергілікті жердемен орады. Отасқандарына 62 жыл болған шиелілік Ишанқұловтар отбасы дипломант атанып, марапат төріне табылды. Облыс әкімі Қырымбек Кошербаев жеңімпаз отбасымен арнайы кездесіп, оларға «Нива-Шевроле» автокөлігінің кілтін табыстады.

– Қазақ халқы қашанда отбасын қасиетті шаңырақ ретінде бағалап, зор маңыз беріп, көзін қарашығындай қорғаған. Отбасының ар-намысын сақтауға, ұрпақ өсіріп, тәрбиелеуге, өз ұрпағының елге адал қызмет етуіне аса мән берген. Осындай дәстүрлі құндылықтар қазақтың қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінде ерекше сақталуы заңдылық деп ойлаймыз. Отбасы алтын ұя, киелі шаңырақ болса, сол шаңырақтың мұрагері, ұрпақ жалғасы балалар болып табылады. Балаларының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп тәрбиелеп отырған Сыр елінің сіздер сияқты өнегелі отбасыларына айтар алғысымыз шексіз, – деді аймақ басшысы.

Кездесу барысында Еңбекші ауылының тұрғыны, отағасы Ергали Ишанқұлов Елбасы мен өңір басшысына қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді.

– Елімізде «Мерейлі отбасы» байқауын ұйымдастыруға бастама көтерген

Елбасыға, сіздерге айтар алғысымыз шексіз. Бұл – тәрбиелік мән бар байқау. Ұлағатты отбасыны халыққа, елге танытып, үлгі етіп, сол арқылы жас ұрпаққа тәрбие беруде оның маңызы зор, – деді Ергали аға.

Үлкен әулеттің анасы Бахира Камардинқызының айтуынша, бірінші орынға үй ішіндегі тату тірілік пен кішіпейлділікте жатыр. Сонда ғана бақыттың шыңына жетуге болады. Бүгінгі айрандай ұйып отырған Ишанқұловтар отбасы соны дәлелі. Мәуелі бәйтеректің саясында 61 немере, 46 шөбере, 1 шөпшек бар. Отағасы ұзақ уақыт агроөнеркәсіп саласында қызмет еткендіктен, балаларының көбі де осы да салаға бет бұрған. Қазір олар атақасиетті жалғастырып, мал шаруашылығымен айналысып келеді.

Айта кетейік, биыл байқау ережесіне сәйкес ұлттық кезеңге қатысуға облыстан бас жүлде алған Бәйменовтер мен бірінші жүлделі Ишанқұловтар отбасы ұсынылған. Нәтижесінде жоғарыда аталған Ишанқұловтар отбасы байқаудың дипломанты атанды. Бұдан бөлек, алғаш рет Астана қаласының 20 жылдығына және республикалық конкурста 5 жыл толуына орай гран-приден бөлек 2 отбасына жүлделер табысты.

Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ.

«Júrek jylúy»

ӨМІРІ ДЕ, ӨНЕРІ ДЕ ӨЗГЕШЕ

Облыс орталығындағы А.Тоқмағанбетов мәдениет үйінде мүмкіндігі шектеулі жандар арасында дәстүрлі өткізіліп келе жатқан «Жүрек жылуы» өнер фестивалінің қорытынды концерті биыл 8-ші рет сахна шымылдығын ашты.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

Облыс әкімі Қырымбек Кошербаев фестивальға қатысушыларды құттықтап сөз сөйледі.

– Бүгінгі таңда Қызылорда облысында 29 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. 2013 жылы облысымыз республикада бірінші болып мүгедектер құқығын қорғауға және өмір сүру сапасын жақсартуға арналған «Жол картасын» жасап шығарды.

Мүгедектерді оңалту бағдарламаларының орындалуына облыстық бюджеттен өткен жылы 415 млн теңгеге жуық қаражат бөлініп, 12 мыңға жуық оңалту бағдарламасы орындалды.

Мүгедектердің шипажайларда емделуіне 1275 жолдама қарастырылып, 3 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан қозғалысқа қажет құралдармен қамтамасыз етілді.

Елбасы өзінің дәстүрлі Жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін Қазақстан келергісіз аймаққа айналуы тиіс» деп атап көрсеткен болатын. Ерекше жандардың рухани дамуына, олардың бойындағы қабілетін, өнерін ел алдында насихаттау мақсатында облысымызда

жыл сайын дәстүрлі түрде «Жүрек жылуы» өнер фестивалі ұйымдастырылып отыр.

Балғындардың қабілетін жан-жақты дамытып, бойдағы өнерін қолдауға бағытталған бұл жоба жас таланттардың жарқырай түсуіне үлкен мүмкіндік беруде.

Сыр елінің біртуар перзенті, қаламсаптың күдіретімен Алаш баласын тәңгі еткен қайсар ақын Зейнолла Шүкіровті мақтан етсек, қиындықтың қатпарына қайыспай, жанына жырын қуат қылған,



өмірге құштар ақын Нұрмұхаммед Әбілқасымовты бүгінгі күні үлгі тұтуымыз керек.

Мұндай фестиваль-конкурстар өңірміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің, жастардың өмірге деген құштарлығын оятуға, бойындағы табиғат берген шығармашылық өнерлерін ашып танытуға үлкен септігін тигізгені анық, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, аймақ басшысы алдағы жылдары фестиваль аясы кеңейіп, оған бөлінетін қаржы көлемінің 3 есеге

өсетінін айтты. Қамқорлық пен қолдауға мұқтаж фестиваль қатысушылары – шиелілік колонер шебері Дилфруз Хамитқызына және отбасылы өнерпаздар Қали Дәуренбеков пен Айгерім Оразбаеваға 150 мың теңгенің сертификатты тапсырды.

Өлемге күн жылуы қандай қажет болса, адамға жүрек жылуы сондай қажет. Адам қашан да адамдық қасиеттерге мұқтаж. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандардың әр қаламынан мейірімділік күтетіні шын. Бұл жайында аталарымыз «жетім көрсен, жебей жүр», «аз қайырымдылық жасаудан ұялма, құр қол қайтару одан да ұят», «бергеннің берекесі бар» деген сияқты саналы сөздер қалдырған. «Ат жақсысын мақта, адам жақсысын жақта» демекші, осы бағытта арамдыла мұқтаж жандарға жүрек жылуын амай жүрген мекемелер де, адамдар да баршылық. Солардың бірі осы фестивальды ұйымдастырған облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы өнер мерекесінің өтуіне ерекше күш салды. Өсем безендірілген сахнада заңғар қоғамының, арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуші балалар орталығының, мүгедектерге арналған оңалту орталығының балалары ән салып, би биледі. Көпшілікті ым-шара тілінде ән орындаған №6 есту қабілеті бұзылған балалардың арнайы түзету мектеп-интернаты оқушыларының өнері ерекше тамсандырды.

Көрермен өмірі де, өнері де өзгеше жас өскінге ерекше құрмет танытты.

Bilim

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІККЕН ТҮЛЕКТЕР

Облыс әкімі Қырымбек Кошербаев Ресейдің жоғары оқу орындарын бітірген алғашқы түлектермен «Туған жерге туындық» атты шарада кездесті. Биыл Мәскеу мен Санкт-Петербургтің маңайында техникалық университеттерінен 74 түлек диплом алып, 43-і магистратураға түсті.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Бұл кездесуге келген кешегі студенттер, бүгінгі жас мамандар – 2014 жылы мектепті бітіргісімен Ресейдің ірі қалаларына оқуға аттанған алғашқы қарлығаштар. Олар салған ізбен Мәскеу мен Санкт-Петербургтің озық оқу орындарында 452 қызылордалық студент

Ресей Федерациясы үкіметінің гранты есебінен білім алуға. Туған жерге оралған түлектердің 14-і облыстың ірі кәсіпорындары – «СКЗ-У», «Қызылорда жарығы», «Ансар Сервис», «Теплотехника» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне, мамандандырылған мемлекеттік мекемелер – индустриалды-инновациялық даму, энергетика және тұрғын үй-коммуналық шаруашылық басқармалары мен жастар ресурстық орталығына және т.б. жұмысқа орналасты. Жыл соңына дейін тағы 12 түлек жұмысқа кіріседі, ал 5 түлек әртүрлі себептермен (қоныс аудару және т.б. байланысты) ұсынылған жұмыс орындарынан бас тартқан.

2-бет

Kásibi mereke

МҰНАЙШЫЛАР МЕРЕЙІ

Ел экономикасының дамуына ерекше үлес қосып жүрген мұнайшылар қауымы күздің алғашқы айында кәсіби мерекесін атап өтуді дәстүрге айналдырған. Осыдан 30 жылдан астам уақыт бұрын Сыр өңірінде мұнай кеніштерін игеру басталып, арнайы мекемелер құрылды. Бүгінде облыс аумағындағы 14 компания 49 кеніште «қара алтын» өндіреді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театрында өткен салтанатты шарада облыс әкімі Қырымбек Кошербаев аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізін мұнай құрайтындықтан, бұл мерекені ерекше екенін атап өтті және сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

– Тауелсіз Қазақстанда мұнай-газ саласы ел экономикасының қозғалысшысы. Соңғы 30 жылда мұнай мен газ кластері, оның ішінде мұнайлы, ілеске газды және конденсат өндіру, сондай-ақ, мұнай өңдейтін зауыттар мен кәсіпорындар да қалыптасты. Қазіргі уақытта мұнай өндіру көлемі төмендеуде. Сондықтан кәсіпорындардың алдында тұрған

негізгі міндет – игерілетін өнімдік қабаттардан мұнай алу мүмкіндігін барынша арттыру. Бұл өндірілген шикізат көлемін ұлғайтуға бағытталған заманауи құрылыстар мен ең озық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Аймақтың экономикасын артартандыру мақсатында металлургия, көлік логистикасы, агроөнеркәсіп кешені, шағын бизнес және туризм салаларын дамытуда. Соңғы 5 жылда өндіру өнеркәсібінің өнім аймақта 65 процентке өсті. Шикізаттық емес экспорт көлемі 2017 жылы 68 процентке, ал жалпыөнімдік өнім құрылымында өндіріс үлесі 5 жылда 2 есеге артты, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Мерекелік жиында мұнайшыларды ҚР Энергетика министрінің бірінші орынбасары Махамбет Досмұхамбетов және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Құрманғазы Есқазиев құттықтады.

Шара барысында аймақтағы мұнай-газ саласының үздік қызметкерлері Қызылорда облысының, ҚР Энергетика министрінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен, төсбелгілермен марапатталды. Мерекелік шара өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.



Gylym jáne tagylym

Қазақстан тәуелсіздігіне ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Бұл кезең еліміздің нарық экономикасына көшу мерзіміне сәйкес келді. Яғни тоқсаншы жылдардың басында нарық қатынастарына көшу басталғанда Қазақстанның енісіндегі экономика «жан тапсыру» алдындағы экономика еді.

Біздің кәсіпорындар әлемдік қатынастар талабына тіптен де сәйкес келмейтін. Кәсіпорындарымыздың барлығы дерлік біз өткелі тұрған дүниежүзілік нарықтың талабына шыдайтын бірде-бір өнім шығара алмағандықтан, кейін кеткен еді. Біздің енісшімізге нарық талаптарына жауап бере алмайтын темір жол, автомобиль жолдары, энергия жүйелері мен құбыр желілері ти-

тігімізді қорғау мен жетілдіру оңай емес. Әр ел тәуелсіздігі мен бостандығын ең басты байлығы деп есептейді. Халық үшін Отанның азаттығынан қымбат ештеңе жоқ. Осы тәуелсіздігіміз үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы күресті, қан төкті. Азаттық үшін айқасқан бабалар кең-байтақ өлкеміз бізге мәңгілік мұраға қалдырды. Біз осы үшін де бабаларымыздың

ақыл айтуы мен дәріс беруінсіз-ақ өмірдің өзінен сабақ алып, өз еңбегіміз өз игілігіміздің кілті екеніне көз жеткіздік, мемлекет тек біздің ұмтылыстарымызға қолдау туғызып, жәрдем көрсетіп тұрса, өзінің міндетін ақтағаны екенін түсіндік.

Президент 2001 жылы 16 желтоқсанда жасаған Баяндамасында «Өз ерекшеліктерімізді ескермей, шет елдердің тәжірибесін бас-көзсіз көшіруге ұмтылған кездеріміз де жоқ емес. Соның салдарынан зардабын күллі қоғамымыз сезінген ірікістерге де ұрындық. Дегенмен, біз қауіпті ордайым жіті

кеттің үш ұстыны болып саналатын экономика, әлеуметтік қорғау мен руханияттың экономика бағытын жүйелі зерттеуге көшеуі тиіспіз. Нақ осы бағыт Ұлттық конгрестің ғылыми бағыттарының біріне айналса деймін.

Байқауымыша, тәуелсіздік тұсындағы тарих Алматыдағы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Астанадағы Мемлекеттік тарих институты, еліміздің 59 жоғары оқу орындарындағы Қазақстан тарихы кафедралары, сонымен қатар жанадан 4 мемлекеттік, 9 акционерлік және 9 жеке жоғары

– архив құжаттарында, «Астана – жаңа қала» атты үш тақырыптық тәп-тәуір жинақтар шыққан. Осы жобаларға сәйкес бөлімнің атауы да «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму тарихы» деп өзгертілген екен, бірақ экономикалық тарихты жазатын мамандары тапшы. Біздің ойымызша, екі институтта да экономиканың түрлі салаларын жеке-жеке зерттейтін арнаулы кызметкерлер болуы тиіс. Әдетте тарихшылардың еңбектері нақтылыққа негізделген, көпсөзділіктен ада, болашақта Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары ел экономикасының қандай жолмен, қалайша дамығанын тарихи тұрғыдан нақты көрсетіп тұрады еді. Зерттеулер Қазақстанның әлемдік экономикада алатын орнын, басым салалар бойынша үлес салмағын, проценттік көрсеткішін көрсеткені жөн.

Экономист ғалымдарда Қазақстан экономикасының қалыптасу сатылары мен даму үрдістерін талдайтын бірқатар еңбектер бары рас. Дегенмен экономикалық ғылыми-зерттеу институттарында да жүйелі түрде, салалар мен бағыттарды кең көлемде талдау жасаған еңбектер аз. Оның себебі жоғарыда айтылған гранттар түрлі жобалар бойынша нақты бекітілген де, сол сайыста жеңіске жеткендер ғана өз еңбектерін ұсынады. Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің бұрынғы төрағасы Б.Әбдіраманов: «2018-2020 жылдары жүзеге асырылатын жобалар экономика, өндіріс және әлеуметтік сала секторларының іс жүзінде нақты қажеттіліктеріне бағытталған. Биыл гранттық жобалардың нәтижелілігіне жоғары талаптар қойылып отыр», деп атап өткенімен, бұл жобалар ішінде экономикалық талдамаларға қатысты ештеңе жоқ екен.

Тарихшылардың экономика саласын зерттеуі тиіс екендігін бекіте көтеріп отырған жоқпыз. Тарихшылар қазіргі тарихты әлеуметтік-экономикалық деңгейге бет бұрса, өндірісшілердің, құрылысшылардың, астаналықтардың, аймақтардың осы жылдар ішіндегі өмір тарихын архив құжаттарымен жазса, жаңа тарихты да ұмыттырып алмақ деген оймен, ұлттық конгреске алдағы уақытта мынадай тақырыптағы жобаларды басшылыққа ала деген ой бар және осы бағытта импакт-фактор журналдарына мақалалар дайласа, жұмыстың нәтижесі де көрінер еді. Нарыққа көшу, жекешелендіру, ұлттық валюта, стратегиялар мен бағдарламалар, ауыл шаруашылығы, жаңа экономикалық институттар, Астананың көшірүінді экономикалық аспектілері, астаналық соңғым және елдің дамуына әсері, арнайы экономикалық аймақтар және «жасыл экономика» сияқты тақырыптар қамтылса дейміз.

2014 жылдың басында «Мәңгілік Ел» идеясы жарияланды. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел – отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны. Аталған идея Қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу.

Бүгінде Қазақстанның Мәңгілік Ел екенін бүкіл әлем мойындады. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізуде. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік Елді» көзімізден қарашығындай сақтау – мәңгі мұратымыз!

Мырзагелді КЕМЕЛ, экономика ғылымдарының докторы, профессор.

«Егемен Қазақстан» газеті.

Brifing

АГЕНТТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ АШЫҚ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметтер сапасын жоғарылату, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар бойынша баспасөз конференциясы өтті.

Оған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жұртшылықпен байланыс жөніндегі департамент директоры Арман Бердалин, агенттіктің облыс бойынша департаменті басшысы Абзал Мұхимов, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросының облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары Бақытжан Жандарбеков және ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының облыс бойынша филиал директорының міндетін уақытша атқарушы Райхан Ыскакова қатысып, атқарылған жұмыстар бойынша баяндама жасады.

Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу мен жалдаудың тәсілдері дамытылуда. Осы орайда, басқарушылық блок үшін міндетті тәртіпте әссе жазу тәжірибесі енгізілді. Бұл жөнінде жұртшылықпен байланыс жөніндегі департамент директоры Арман Бердалин баяндады.

– Мемлекеттік басқару академиясында әлемнің дамыған жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта әзірленген тәжірибелік-бағдарланған оқыту бағдарламалары енгізілді. Мемлекеттік қызметшілерді орталықтағы Академияда және оның өңірлердегі филиалдарында оқытудың бірыңғай жүйесі құрылды. «Цифрлық Академия» жобасы жүзеге асырылуда. Кадрлық операциялар тек қана электронды түрде «Е-қызмет» жүйесі арқылы жүзеге асырылуда. Мемлекеттік аппараттың жұмыспен қамтушы ретінде мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз етуді күшейту мәселесін шешудеміз, – деді А.Бердалин.

Қазіргі уақытта жеңілдікпен үй беру, зейнетақылық қамтамасыз ету, денсаулығын сауықтыруға жағдай жасау, қызметшілердің балаларына балабақшалардан орын беру сияқты мәселелер шешілуде. Агенттіктің тағы бір жобасы – жұмыс уақытының ікемді кестесін орнату. Балаларын балабақшаға және мектепке апаратын қызметкерлер үшін жұмыс уақыты таңғы 9.30-да басталады.

Қазір елімізде «Қоғамдық бақылау картасы» жобасы іске асырылып жатыр. Мақсат – халық болып жемқорлыққа қарсы тұру. Мәселен, ауылға су, газ құбыры тартылып жатса, ғимарат салынса, халық болып бақылап, егер кемшілігін көрсе, жемқорлыққа қарсы агенттікке хабарласу керек.

– Әрбір азамат кемшілікті байқаса, үнсіз қалмауы керек. Елде жасалып жатқан жұмысқа өзіміз де араласуымыз қажет. Агенттікте 1424 номерлі жедел желі телефоны тұрлық бойынша жұмыс істейді. Қандай да бір кемшілік жайлы осы телефонға хабарласуға болады. Бұдан басқа қазір әлеуметтік желілерде агенттік төрағасының жеке парақшасы бар. Мазалаған проблемаларды осы парақшаға жазуларыңызға болады, – деді А.Бердалин.

Birlesken otyrys

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢЕДІ

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы мен облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаментінің «Қаржылық бақылау органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері» тақырыбындағы бірлескен отырысы өтті.

Шынар БЕКБАН.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Ержан Байтілес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының 20 жылдығы аясында да көптеген шаралар атқарылып жатқанын мәлімдеді. Бұл бағытта қоғамның белсенділігін арттыру партияның тұрақты назарында.

– Жетекші партияның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы қоғамды кері тартатын кеселдің себеп-салдарын жоюға, оған қарсы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталып отыр. Осылайша, «Нұр Отан» елдің келешегі мен азаматтардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін тарихи жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, қоғам мен мемлекеттің күшін жемқорлыққа қарсы ымыраға көбіейтін іс-қимылға, оның пайда болу себептерін жоюға жұмылдырып келеді, – деді Е.Байтілес.

Облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары Қайрат Тұрмұтаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қолданылып жатқан күш-жігер елі қалаған нәтижелерді бере алмай отырғанын, халықаралық рейтинг еліміздегі сыбайлас жемқорлық деңгейінің әлі де болса жоғары екендігін көрсетіп отырғанын айтып өтті.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – білікті мемлекеттік институттарының тұрақты серігі. Бүкіл әлем осы құлдығыпкен күресуде. Бұл жерде мемлекеттің күші қоғамның қолдауысыз жеңіске жете алмайды. Әсіресе, бұл бағытта азаматтық қоғам шешуші рөл атқарады, – деді ол.

Отырыста еркін елдің дамуын тежейтін құбылысты болдырмауды қоздейтін шаралардың тұрақты түрде өткізіліп тұратындағы айтылды.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

лі, ахуалы өлден нашарлаған ауыл шаруашылығы мұраға қалды. Бүкіл заңнамаларымыз Кеңес Одағы заңнамаларының көшірмесі еді, бұл бір орталықтан басқарылып бөлінетін, теңгерімшілік саясатқа негізделген болатын. Ең бастысы, жаңа заманның талаптарына сай, жаңа жағдайда не істеу керек екенін білетін адамдарды тәрбиелеу қажеттігі шұғыл түрде алдымыздан шықты. Қазір осы істің бәрі жанартылды, жүйеленді және жүзеге асырылды. Іс жүзінде бәрін де жанадан бастауға тура келген сәт туды.

Қысқа мерзім ішінде еліміз тарихи үш міндетті жүзеге асырды: тәуелсіз мемлекет құра алдық, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көштік және тоталитаризм курсысындағы елден тең құқықты демократиялық елге айналдық. Экономика – саясаттың да, мәдениеттің де негізі.

Экономика мемлекеттің, қоғамның, әрбір нақты адам мен оның отбасы өмірінің негізі. Өйткені экономикамен байланысты емес сала жоқ, қай мәселе болсын шешімі экономикаға тәуелді. Оны шешу үшін елде қуатты, осы мәселелерді шешуге қабілетті экономика құрылмаса, ең биік құндылықтар санайтын – еркіндік пен демократия, халық игілігі деген құбылыстың өзі бос сөзге айналады.

Бүгінде Қазақстан барлық экономикалық көрсеткіші бойынша ТМД елдері ішінде іс жүзінде көш бастаушылар тобында келеді. Бұған жету үшін талай тар жол, тайпақ кешуден өттік. Инфляция да, жаппай жұмыссыздық та, өнеркәсіп орындарының тұралауы да, дүкен сошелерінің тып-тыпыл көріністері де болды. Банк жүйесінің кембағалдығы сауданы тұқыртып, оларға төлем тапсырмаларын орындау мүмкін болмауға айналды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан экономикасының дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: I кезең – 1991-1995 жылдар, II кезең – 1996-2000 жылдар, III кезең – 2001 жылдан бүгінге дейін. Алғашқы екі кезеңде экономикамыздың жағдайы түбегейлі өзгерді. Бұл кезеңде біз Отанымыздың шаңырағын көтеріп, орасын тіктік, қауіпсіздігін нығайтуға кірістік, экономикамызды нарық жолына бағыттадық. Кешегі қиындықты халқымыз ұмыта бастады. Қазақстан әлемдегі ең қарқынды өркендеу үстіндегі экономиканың біріне болды. Алдыңғы қатарлы елдер сенімді экономикалық, саяси әріптес санайтын болды.

«Төк адамды тойындыру қиын» дейтін халық даналығы бар. Тойынған сайын тәубешілік, қиындықпен жеткен жетіс-



алдында өзімізді мәңгілік қарыздар сезінуге тиіспіз. Аңсап күткен азаттық біздің ұрпақтың еншісіне бұйырды. Бұл бір жағынан өлшеусіз бақыт, екінші жағынан өте үлкен жауапкершілік. Өйткені тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап қалу әлдеқайда қиын. Бұл әлем кеңістігінде тұрғын кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Біз қазіргідей аса жауапты кезеңде, жандандың жауапты тұсында ел мен жердің тұтастығын, ұлтымыздың бірлігін, Отанымыздың абыройы мен мәртебесін бірлесіп ойластыруымыз керек. Саясаттың сан тарау соқпағына сарсылып тұскен талай елдің сансырап қалған кездерін де көріп отырмыз. Сондықтан бізге білік пен ақылдың, ынтымақ пен білімнің, достық пен бірліктің ауадай қажет екенін білеміз. Бүгінгі әлемдік дамудың қарқыны өте үлкен, оған ілесу қай мемлекет үшін де оңай емес. Ал өркендету кеңістігінен орынды табу одан да қиын. Бұл үшін биік мәдениет керек. Биік мәдениетті күшті ұлттар ғана жасай алады. Ал күшті ұлт болу үшін ең алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық, татулық керек.

Тарих аса қысқа мерзім ішінде елімізде ең шұғыл экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және саяси реформалар жүзеге асты. Елбасы да, халық та бірте-бірте өзгерді, пайымы мен дүниетанымын өздері өзгертті. Осылай біз ешкімнің де айрықша

андап, өз жауапкершілігімізді сезіне білдік, міне, мұның өзі біздің шыдап шығуымызға мүмкіндік берді» деп қателіктер мен кемшіліктер болғанын, бірақ олар ұстап шығып кетерлік бақылаусыздыққа бастамағанын ашық айта білді.

Қазақстан қазір әлем таныған, әлем сыйлайтын елге айналды. Оған жету жолы оңай емес. Зорлықпен мойындататын, еріксіз қондыретін Шыңғысхан мен Наполеоның заманы келмеске кеткен. Бұл заман білектің күшін емес, білім мен бірліктің күшін мойындайтын заман. Бұл заманда әлем экономикалық жағынан мықты, ішкі тұтастығы берік, ауызбіршілігі күшті мемлекеттермен ғана санасалы. Елімізді сыйласа, демек сол талаптарға сай болып қалыптасып жатқанымыз. Бұл әрі мақтаншы, әрі үлкен жауапкершілік жүктейді. Осының бәрі – тәуелсіздіктің арқасы. Тәуелсіз Қазақстан дамуының дұрыс жолын таңдап, Абай айтқандай «ақрын жүріп, анық басқанын», ел болып бірігіп берекелі жұмыс атқарғанын нәтижесі. Еліміздің тарихындағы ақтаңдақтар біртіндеп зерттеліп, тарихымыздың қазынасына ұсынылуда. Енді, менің ойымша, осы соңғы, егемендік тарихына да тереңдеп зерттейтін уақыт жеткен сияқты.

Жаңа тарихымыздың саяси, әлеуметтік-рухани бағыты Қазақстан стратегиялық зерттеу институты үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасында кеңінен зерттеле келеді. Ендігі жерде мемлекеттің қарай тарих ғылымымен айналысатын екі институтымызда – Тарих және этнология институты мен Мемлекет тарихы институтында Қазақстанның экономикалық дамуына арналған құрылым жоқ. Бұл институтта әлеуметтік-экономикалық зерттеулер жүргізетін К.Ильосованың ғылыми жетекшілігімен алты жылда «Ұлттық экономика – архив қорларында», «Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары

оқу орындарында Қазақстан тарихы кафедралары болғанына қарамастан, ұлттық экономикамыздың даму сатылары жайында кітапханалардағы еңбектерді сүзіп өткенімізде, жаңа тарихты талдайтын тұщымды еңбектердің өте аздығын байқаймыз. Қазір қоғамымыз да басымдылармен қатар, әлеуметтік желіні де ақтарыстырып, керекін іздейді. Бұл орайда да мақтанарлық ештеңе таппадық. Бар тапқанымыз алғаш рет 1996 жылы Алматыдағы «Экономика» баспасынан шыққан, тәуелсіздікке дейінгі тарихты зерделеген Күләш Әбілқызы Берденованың «Экономическая история Казахстана: учебное пособие» атты көлемді еңбегі ғана. Соның тарихшы Жұлдызбек Абылхожиннің 1997 жылы шыққан «Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век» атты ғылыми еңбегі бар екен. Осыны қазіргі тарихшыларымыз XXI ғасыр деп неге әрі кейін жалғастырмақса, әлеуметтік-экономикалық тарихты білу қоғамдық сураныстан туындап тұрған жоқ па?..

Өкінішке қарай тарих ғылымымен айналысатын екі институтымызда – Тарих және этнология институты мен Мемлекет тарихы институтында Қазақстанның экономикалық дамуына арналған құрылым жоқ. Бұл институтта әлеуметтік-экономикалық зерттеулер жүргізетін К.Ильосованың ғылыми жетекшілігімен алты жылда «Ұлттық экономика – архив қорларында», «Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары

ЖАНКЕНТ ТАРИХЫ ЖАҒАНДЫ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ

Аймақтағы іргелі оқу орны – Қорқыт ата атындағы ҚМУ мен Германияның Тюбинген университетінің ұйымдастыруымен «Ұлы Жібек жолының солтүстік аймағындағы көшпенді мемлекеттің қалыптасуы және урбанизациялануы: Орта ғасырдағы Жанкент қаласы (Арал теңізі аймағы, Қазақстан)» тақырыбында халықаралық далалық семинардың қорытынды отырысы өтті.

Ғазиза ӘБДИЛЛА.

Халықаралық жоба аясында далалық урбанизация, көшпенді мемлекеттер және Арал теңізінің шығыс аймағындағы шөлейттену зерттеу жүргізу жұмыстары қолға алынған. Осы ретте Сырдың төменгі ағысы бойындағы қалалық өркениеттің қалыптасуы мен дамуын жан-жақты зерттеу және осы мәселелермен айналысатын мамандар дайындау арқылы аймағымыздың тарихи, мәдени құнды ескерткіштері мен киелі жерлерін жаһан жұртына кеңінен насихаттаудың жайы талқыланды.

Айта кетейік, жобаны Германияның гуманитарлық ғылымдар қоры қаржыландырады.

Семинарда сөз алған Тюбинген университетінің профессоры Генрих Харке аталған жоба аясында 2005 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан зерттеу жұмыстарының тек бүгін үшін емес, болашақ үшін де маңызы зор екенін атап өтіп, бұл орайда тың ұсыныстар мен ескертпелер, тіпті сыни пікірлер де ашық айтылса, қолға алынған істің нәтижелі болатынын жеткізді.



– Біздің университеттің тарих факультетінің студенттері желгі Жанкент қаласын көзбен көруге құштар. Сондықтан біз олардың қазба жұмыстарына қатысып, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, тарихи құнды деректермен толықтыруына мүмкіндік жасап отырмыз. Бұл өз кезегінде екі университет арасында студенттер мен ғылыми қызметкерлердің тәжірибе алмасуына да жол ашады, – дейді неміс ғалымы. Ресей ғылым академиясының

профессоры Андрей Панин, экспедиция мүшесі Мария Броникованың пікірінше, Жанкент шаһарының орнын зерттей отырып, Ұлы Жібек жолындағы Арал теңізі мен Сырдария өзенінің сауда-саттық мәдениеті мен тұрмыстық деңгейдегі ықпалы және табиғи ортаның бүгінгі өзгерісін ғылыми тұрғыда айқындауға мүмкіндік туады.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Асылхан Тәжесевтің айтуынша, осыған дейін шаһардың орнында шетелдік ғалымдар, арнайы экспедиция мүшелері және университеттің ғылыми-зерттеу орталығының мамандары бас қосып, қазба жұмыстарымен таныса отырып, өзара пікір алмасқан. Осының барысында сол айтқандар ұсыныс-пікірлер сарапталып, нақты шешімдер қабылданды. Жалпы Еу-

разия аймағындағы қалалық өркениеттің дамуы мен қалыптасуы жайында сөз қозғалып, алдағы жоспарлар айқындалмақ. Айталық, жоба аясында алдағы үш жылда аталған халықаралық қордың және жергілікті әкімдіктің қолдауымен, Жанкент шаһарына халықаралық экспедиция зерттеу жұмыстарын жүргізетін болады. Ғалымдардың пікірінше, жаратылыстану ғылымының жаңаша әдістерін пайдалану арқылы жүргізілетін зерттеу жұмыстарының тың деректерге негіз болары сөзсіз.

Сонымен қатар, жиында қозғалған маңызды мәселенің бірі – халықаралық ғылыми байланыстарды дамыту үшін Жанкент қаласының құрылыс материалдары және керамикалық кешені тақырыптары бойынша мамандар даярлау. Бұл орайда Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың «Археология және этногра-

фия» ғылыми-зерттеу орталығынан екі ғылыми қызметкері Тюбинген университетінің докторантурасында білім алады. Осы мақсатта 2018-2020 жылдарға мамандар дайындау және Қорқыт атындағы ҚМУ-дың «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының әлеуетін көтеру үшін арнайы қаржы бөлу жоспарланған.

Далалық семинардың қорытынды отырысында Германияның Тюбинген университеті, Ресей Федерациясы, Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты, Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы, сонымен қатар, Англия, Германия, Франция, АҚШ, Украина елдерінің ғалымдары қатысты.

Baspasóz týry

ШЫҒЫН АЗ,
САПА ЖОҒАРЫ

Облыс бойынша табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті баспасөз туры ұйымдастырды. Шара аясында БАҚ өкілдері Қызылорда электр тарату тораптары компаниясына қарасты жөндеу және жаңғыртылып жатқан нысандарды аралады.

Назерке САНИЯЗОВА.

«КЭТТК» АҚ басқарма төрағасы Мұхит Кәрімбаевтың айтуынша, қазіргі күні облыс орталығында 13 подстанция орналасқан. Биыл электр желілерін қайта құру және жаңғыртуға компания есебінен 215,9 млн теңге қаралды. Осы уақытқа дейін соның шамамен 200 млн-ы игерілсе, қалған бөлігін қыркүйек айының соңына дейін жарату жоспарланған отыр.

Бүгінде қаладағы электр желілерінің 72%-ін тозығы жеткен. Дегенмен, кернеулігі 10/04 кВт болатын электр желілерін қайта құру және жаңғыртудың 2016-2020 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы аясында мұндай желілердің көпшілігі ауыстырылуда. Бұл өз кезегінде электр энергиясының сапасын арттырып, нормативтік ысырапты азайтуға мүмкіндік береді. Атыраулы жұмыс нәтижесінде қазіргі уақытта трансформаторлық стансалардың 92-93%-ін жағдайы жақсарды.

Баспасөз туры кезінде байқағанымыз, қаланың КБІ шағын ауданында да ауқымды шара жүргізілуде. Ауыстырылып жатқан оқшауланған электр желілері Ресейден әкелінді. Жұмыс цифрлық технология негізінде атқарылуда. Бұл саладағы және бір жаңалық – заман талабына сәйкес үй-жайлардың қабырғасында загерулы тұрған электр құрылғылары өзгермек. Ол үшін арнайы қаржы қарастырылған, қалғаны модернизация арқылы жасалады. Құрылғылар барлық жеке секторға тегін орнатылады.

– Осы орайда жарықтың бағасы қымбаттайды деп алаңдауға еш негіз жоқ. Тариф сол күйі қалады. Пилоттық жоба аясындағы жұмыс «Наурыз» саяжайындағы 4 мыңнан астам тұтынушының жарық есептегішін өзгертуден басталады, – деді Мұхит Кәрімбаев.

Қыдыров көшесінің бойындағы электр тарату пункті де биыл модернизациядан өтті. Енді ол алдағы 20-30 жылға дейін қалыпты жұмыс істейді дейді мамандар. Негізі, үлкен қондырғылар күтін ұстаса, 40-50 жылға дейін жарайтын көрінеді. Жалпы, инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру электр энергиясының ысырабы мен шығынын азайтуға ықпал етеді. Есесіне жарық тарату сапасы арта түспек.



Заманауи талаптарға сәйкес мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан бөлінетін қаражатты ұтымды әрі тиімді пайдаланудың өзектілігі артып келеді. Қазір әлемде жобалық басқару мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылуда. Себебі, жобалық басқару дегеніміз – қойылған мақсаттар мен ұсынылған нәтижелерге қол жеткізу үшін тапсырмаларды жүйелі орындау.

МЕМЛЕКЕТТІК
ОРҒАНДАРДАҒЫ
ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУ

Жобалық басқаруда алға қойылған мақсатқа жету үшін айқындалған процессті міндетті бөліктерге бөлшектеп, әрбірі бойынша орындалу мерзімі мен оның құнын бақылау жұмыстары атқарылуы тиіс.

Осы орайда мемлекеттік органдарда жобалық басқаруды енгізудің басты мақсаты – мемлекеттік маңызды бар нысандардың құрылысына бөлінген қаржылардың тиімді жұмсалыуы мен жұмыстың мерзімінде орындалуына бақылау жасау болып табылады.

Елбасы Жолдауында Үшінші жаңғырту аясындағы 30 дамыған елдің қатарына қосылу үшін тұрақты даму мен экономиканың өсу деңгейін қамтамасыз ететін ел дамуының негізгі басымдықтарын айқындап берген.

Осыған байланысты, мемлекеттік органдарда басқарудың дәстүрлі тәсілімен қатар аталған бағыттарда тәуекелдер мен өзгерістерді басқарудың айрықша құралы ретінде жобалық басқару жүйесі енгізілді.

Бүгінгі күні елімізде жобалық басқаруды ендіру аясында басым бағыттар мен нысаналы индикаторлар бекітілген. Орталық деңгейде жобалық басқару аясында – 12, экономика бағыттары бойынша 21 жоба жүзеге асырылуда.

Аймақта жобалық басқаруды ендіру орталық және өңірлік секілді екі бағытта жүргізіледі.

Орталық деңгейде, аймақтың ерекшелігі мен басымдықтарын ескере отырып, облысымыз орталық мемлекеттік органдардың сегіз бағыты бойынша 10 жобаға қатысуда.

Мәселен, инвестицияларды тарту аясында облыс аумағында 32 жобаның жүзеге асырылуы жоспарланған (ағымдағы жылы 24 жобаны іске қосу және 8 жоба құрылысының басталуы). Жыл басынан бері жалпы құны 2,6 млрд теңге болатын 4 жоба жүзеге асырылды, жылдың аяғына дейін 32,7 млрд теңге сомасына тағы 20 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр, бұл өңірдің қосымша даму көздерін қамтамасыз етеді.

Базалық индустриаландыру аясында шыны және цемент зауыттарының,

«Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының және жалпы құны 396,2 млрд теңге болатын кальцийлендірілген сода өндіру зауытының құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аталған нысандарда бүгінгі күні құрылыс жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Денсаулық сақтау саласында МӨМС-ті енгізу, бәсекелестік пен жеке медицинаны дамыту, медициналық туризмді дамыту және импортты алмастыру, дәрілік заттар нарығын дамыту, денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру және негізгі аурулардың ауырталығын азайту арқылы денсаулық сақтау тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар қарастырылған.

Еңбек нарығының инфрақұрылымын жаңғырту және еңбек ұтқырлығын дамыту бойынша еңбек ресурстарын жоспарлау және болжау, жаңа экономика үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау, еңбек ағынын басқару және өнімді жұмыспен қамту мақсатындағы жұмыстар жүргізілуде.

Өңірлік деңгейде Белгород облысының (РФ) тәжірибесі негізінде жобалық басқаруды ендіру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жергілікті атқарушы органдардың жобалары бастамашылық, бюджеттік инвестициялық, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясындағы және «Бай-қоңыр» ӘҚ-ҰҚ-АҚ-ның жобалары және экономиканы цифрландыру бастамаларын барынша көздейді.

Бүгінде «Жобалық кеңес» ақпараттық жүйесінде 58 жобаның мониторингі жүргізілуде.

Болашақта жобалық басқару тәсілі мемлекеттік басқару жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізу алғышарттарында орындалып, мемлекеттік-бағдарламаларды, ірі инвестициялық жобаларды тиімді басқаруға мүмкіндік беретін даму құралдарының біріне айналуы тиіс.

Б.ЖҮНІСОВА,
облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бас маманы.

Ekonomika jañalyqtary

Ішкі жалпы өнім
өсімінің
болжамы өзгерді

Соңғы уақытта экономикадағы күтпеген тосын жағдайлар салдарынан АҚШ долларына қатысты теңге бағамы біршама құнсызданды мәлім. Осыған орай Қазақстан Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев Қазақстанда 2019-2020 жылдары инфляция деңгейі 6-8% дәліздің жоғары шегінде қалыптасатынын мәлімдеді. Банк төрағасы бұл орайда 2018 жылы инфляцияның бұрынғы көлемде қалыптасатынын, ол одан кейінгі жылдары өсімінің жоғары деңгейде болатынын айтты.



Д.Ақышев оның себептерін Ресейге қарсы жарияланған санкциялардың, осыған орай теңгенің құнсызданды, әлеуметтік шығындардың, несие көлемінің өсімі салдарынан болып отырғанымен түсіндірді. Банк төрағасы тамыз айында инфляцияның өсімі 0,2% болғанын, оған азық-түлік емес тауарлар бағасының қымбаттауы әсер еткенін мәлімдеді. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, сарапшылар Қазақстанда инфляция өсімінің алдағы жылдары болжанған көлемінен жоғары болатынын атап көрсетеді.

Сондай-ақ, Ұлттық банк болжамына сәйкес Қазақстанның ішкі жалпы өнім өсімі 2018-2019 жылдары тиісінше 3,5 және 2,6 процент болады. Болжамға сәйкес 2018 жылы өсім негізінен ішкі тұтыну көлемінің және тұтыну несиелерінің берілу көлеміне қарай қалыптасатын болады. Керісінше, 2019 жылы экономика өсімі баяулайды, себебі оның өсіміне қатысты жоғарыда аталған алғышарттар азайтын болады.

Сонымен бірге Ұлттық банк болжамы бойынша Қазақстанда мұнай өндіру көлемінің өсімі Қазақстанның экспорт әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Ұлттық банк Қазақстан экономикасының бұрынғысына сыртқы факторларға әсері мол екенін атап көрсетеді. Мұнай бағасы өзінде экономиканың өсіміне басты әсер ететін факторлардың бірі болып қала береді.

Үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіне алдынала есеп бойынша Қазақстанның халықаралық резерві 87,3 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл туралы Ұлттық банктің баспасөз қызметі хабарлап, бас қаржы ұйымның алтын-валюта қоры үсімізделгі жылдың 8 айындағы дерек бойынша 30,8 млрд доллар болғанын мәлімдеді.

Автожолдар
ақылы болады

«Қызылорда-Жезқазған» жолының құрылысына Азия даму банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі секілді ірі халықаралық қаржы институттары қызығушылық танытып отыр. Бұл туралы Мәжілістегі Үкімет сағатында ҚР Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



Сондай-ақ, Үкімет сағатында Жеңіс Қасымбек республиканың жолдарына ақылы жүйені енгізу және жол-сервистік объектілерді дамыту жөнінде пікір білдірді.

– «Нұрлы жол» инфрақұрылымын дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында және қаржыны үнемдеу мақсатында ақылы жүйені енгізу жоспарда бар. Қазіргі уақытта «Алматы-Қорғас», «Астана-Теміртау» және «Алматы-Қашағай» автожолдарының учаскелерінде (жалпы ұзындығы 471 шақырым) жұмыс жүргізіліп жатыр. Жүйе қыркүйек айында тест режимінде іске қосылады, – дейді Ж.Қасымбек.

Министрдің айтуынша, 2021 жылға дейін 6,7 мың шақырым, ал 2025 жылға қарай 11,7 мың шақырым жол ақылы болмақ.

– Мемлекеттік маңызы бар автожолдарда арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын ұйымдастыру бойынша да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазір мұндай 12 құрал бар. Биыл «Астана-Теміртау», «Алматы-Қашағай» және «Алматы-Қорғас» учаскелерінде ақылы жүйені енгізу аясында тағы 11 автоматтандырылған өлшеу құралдарын іске қосу жоспарланып отыр. 2019-2020 жылдары ақылы жолдар мен шекаралық өткізу пункттері бойынша 34 құрал орнатылады. 2020 жылдың аяғына дейін олардың санын 57-ге дейін арттыруды жоспарлап отырмыз, – дейді Инвестициялар және даму министрі.

Оның айтуынша, жол-сервистік объектілерін дамыту да ерекше көңіл бөлінеді.

Ж.ӘЛМАХАН.

Brifing

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС

Облыста мемлекеттік қызмет сапасын арттыру бағытында қандай шаралар қолға алынған? Жауапкершілік жүгі зор қызметіне салғырт қарағандарға қандай ескертпе жасалды? Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында тиісті сала басшылары тарапты айты.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Жиында спикерлер Ұлт Жоспарының 12-қадамына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттары белгіленген «Әдеп» кодексінің маңызын ерекше атап өтті. Бүгінгі күнге дейін келесі кенесте 43 мәселе қаралыпты. Оның 19-ы тәртіптік істер болса, 24-і – заңнама бұзушылықтарының профилактикасы бағытындағы мәселелер.

– Ел мемлекеттік қызметкерлердің жұмысына қарап билікке, оның қарапайым халыққа деген көзқарасына баға береді. Сондықтан халықпен байланыс орнатуда кәсібилікпен қатар адамгершілік қасиет қажет. «Әдеп» кодексінде бұл мәселелерге ерекше басымдық беріліп отыр. Биыл тәртіптік істерді қарау нәтижесінде Әдеп жөніндегі кеңес шешімімен 12 қызметші әртүрлі тәртіптік жазаға тартылды, оның ішінде 8-не «Әдеп» кодексі талаптарын бұзғаны үшін ескерту, соңғы мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік тәртіп қылмыстарға жол берген үшін «қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту» берілді, – деді департаменттің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы Қуаныш Әбділас.



Жемқорлық – көптен жеңетін інідет. Осыған байланысты департамент қоғамдық бақылау жобасын да қолға алған. Соның нәтижесінде бүгінде «Жасырын сатып алушы» тәсілімен қорғаныс, кеден ісі, әлеуметтік және денсаулық сақтау салалары бойынша барлығы 50 мекемеге инспекциялау мен бақылау жұмыстары жүргізіліпті. Шара барысында қызмет көрсетуші мекемелер тарапынан 41 кемшілік анықталған. Мәселен, жасырын сатып алушы «Азаматтық әсері қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет стандартымен бекітілген қажетті құжаттар топтамасын және көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу тәртібі бойынша толық ақпаратты беруді сұраса да, Арал және Қармақшы аудандық қорғаныс істері жөніндегі басқарма қызметкерлері топтаманы бере алмай, қызмет алушының мемлекеттік корпорацияға жіберген. Бұл факт бойынша анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныс енгізілді. Сонымен қатар Арал ауданының қор-

ғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы, капитан Б.Қуатовқа, Қармақшы ауданының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы жұмылдыру бөлімінің бастығы, майор Н.Шүкірбековке сөгіс, кезекші қызметкерлер Г.Жалағаш мен А.Ибраеваға ескерту түріндегі жаза қолданылған.

Отырыста 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру мақсатында кенешті жоспар бекітіліні де айтылды. Қазір өңірде паракорлықтың алдын алуға бағытталған түрлі жобалар қолданыса енген.

– Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында бірқатар кездесулер өткізілді. Мобильді топ аудан және қала әкімдіктері жанынан құрылып, апта сайын ауылдық елді мекендерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен жемқорлыққа қарсы тұрудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын түсіндірді. Қоғамдық мониторингтің нәтижесі негізінде семинар-кеңес

ұйымдастырылып, мекемелерге анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар беріліп келеді. Биылғы оқу жылына мемлекеттік тапсырыс аясында 29 колледжде бөлінген 3000-нан астам білім грантын заңсыз иелену, оқуға заңсыз қабылдау мен емтихан қабылдауда артықшылық көрсетуді болдырмау мақсатында департамент бастамасымен облыстағы барлық колледжде құрылған қабылау комиссияларының құрамына облыстық қалалық және аудандық арнайы мониторингтік топ өкілдері комиссия мүшесі ретінде енді. Олар колледждердегі оқуға қабылдау процесін толық бақылауға мүмкіндік алды. Осы жүйелі жұмыстар ілетпен күресуге, жемқорлық сипатындағы қылмыстың азаюына септесуде. Дегенмен, кеміші тұстар әлі де бар. Мәліметтерге сүйенсек, ҚР ӘТБК-нің 681-бабымен бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдағаны үшін Арал және Жалағаш аудандық білім бөлімдерінің,

Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің лауазымды тұлғаларына әкімшілік істер қозғалып, айыппұл салынған. 2018 жылдың 6 айында облыс көлемінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы 91 қылмыс тіркеліп отыр, бұл санаттағы қылмыс саны өткен жылмен салыстырғанда 21,3 процентке өскен, – деді сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының басшысы Бағдат Ізенов.

Жыны қорытындысында Мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Ғалымжан Ілкібаев Агенттік бастамасымен биыл алғаш рет «PROTECTING BUSINESS AND INVESTMENTS» инвесторларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу жобасын бастағанын тілге тиек етті. Ғалымжан Маратұлының айтуынша, бұл үшін арнайы фронт офис ашылып, облыс бойынша шетелдік және отандық инвесторлардың үлкен 12 инвестициялық жобасы сүйемелдеуге алынды.

Talqy

КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫ – БІРЕГЕЙ ЖОБА

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада облыстық тарихи өлкеге музейінің ұйымдастыруымен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру жөніндегі облыстық жұмысшы тобының отырысы өтті. Жыныға «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы қатысып, аталған жоба аясында алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар барысына хабарлар етті.

Ғазиза ӘБІЛДӘЕВА.

Жиын барысында Қазақстанның киелі жерлерінің географиясын жасау жобасының аясында облыстағы музейлер, архивтер және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесімен етене байланыста жұмыс жасап, Сыр өңірі бойынша анықталған жалпыұлттық және өңірлік қасиетті нысандарды ғылыми тұрғыда терең зерттеуді жалғастыру жайы талқыланды. Бұл тұрғыда аталған жобаны жүзеге асыру жөніндегі облыстық жұмысшы топ мүшелері өз ойларын ортаға салып, Сыр өңірі бойынша соңғы анықталған қасиетті нысандарды қосымша енгізуді ұсынды.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Б.Кәрібозов, ақын, «Қазақстанның Күрметті журналисі» Ш.Әбдікәрімов, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы С.Қосанов, облыстық музейдің ғылыми хатшысы А.Сайлау, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің директоры С.Көсейбаев қасиетті нысандарды анықтау барысында кездескен қиындықтарға қарамай, жұмысшы тобының жеткен жетістігін атап өтті. Ендігі кезекте ескерткіштердің тарихи маңызы айрықша айтылып, зерттеуді қажет ететін тізімге еңбей қалған нысандарды кітапқа кіргізу мәселесі назарға ұсынылды.

Сондай-ақ, жиында облыстық музейдің «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша ұйымдастырған «Сыр өңірінің қасиетті орындары» атты теле-експедициясының I және II кезеңі бойынша атқарылған шаралар жайлы баяндалып, алдағы жоспарлар нақтыланды.

Қоғамдық қабылдау

АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫН ГАЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Елбасы ұсынған әлеуметтік бастамалардың бірі – елді мекендерді газдандыру бойынша Сыр өңірінде аудан орталықтарына «көгілдір отын» жеткізу жұмыстары жалғасып жатыр. Алдағы екі жылда Жосалы, Жалағаш және Терөзек кенттерін газдандырады. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдауына келген азаматтар осындай қуанышты хабарды естіп қайтты.

Шынар БЕКБАН.

Айта кету керек, партия филиалының қабылдауында «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалы директорының бірінші орынбасары Бауыржан Сәтмағанбетов тұрғындарды қабылдап, газдандыру мәселесіне қатысты сауалдарына жауап берді. Елбасы бастамасының орындарына жауап бергеніне қарамастан, қажетті құрал-жабдықтармен қуанышты.



Облыс бойынша «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбырына Арал, Қазалы, Шиели және Жаңақорған аудандарының орталығы мен Байқоңыр қаласы қосылған. Бүгінде Жосалы кентіндегі автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды. Ал Сырдария және Жалағаш аудандарынан салынатын автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысына бюджеттен қаржы бөлінген. Мамандар Қызылорда қаласының сол жағалауын газдандыру жобасы бойынша да құрылыс жұмыстарын жалғастырып жатыр, – деді «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалы директорының бірінші орынбасары.

Сонымен қатар, Бауыржан Сәтмағанбетов «көгілдір отын» тартылмаған қала іргесіндегі елді мекендер мәселесін де кезең-кезеңімен шешу тиісті басқармалар арқылы қарастырылып жатқандығын да тілге тиек етті.

"TSIFRLYQ QAZAQSTAN"

"Syr boy" gazetiniñ arnauy beti

РОБОТОТЕХНИКА МЕКТЕБІНДЕ 6 ЖАСТАҢ БАСТАП ОҚУҒА БОЛАДЫ

Қызылордалық жас кәсіпкер Серікбол Ералиев «Smart Generation» робототехника мектебін ашты. Бұл туралы өңірлік кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі хабарлады.

Назерке САНИЯЗОВА.

Кәсіпкерлікпен айналыспас бұрын ол қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының робототехника үйірмесіне жетекшілік етіп келді. Мектеп ашуға 2,4 млн теңге қаржы жұмсалған. Оның 500 мыңын «Samruk-Kazyna Trust» үйірметтік жобаларды дамыту қоры ұйымдастырған байқауда жеңіп алған.

Робототехника мектебіндегі сабаққа жасы 6-ға толған балалардан бастап кез келген ниет білдіруші жастар қатыса алады. Мектеп ақылы негізде. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін тегін. Сабаққа қатысушылар аптасына 4 сағаттан оқиды.

Мектепті ашу қазіргі заманғы талабынан туындады. Бүгінде робототехника саласы өте қарқынды дамып келе жатыр. Ақпараттық техника саласының мамандары зор сұранысқа ие. Ал оларды қалай дайындаймыз? Мәселе осында. Мамандарды қазірден бастап тәрбиелеуді қолға алғанды жөн саналды. Қажет құрал-жабдықтарды әр елден жинақтадық. Мәселен, кейбір құралдар Даниядан алдырылды, енді бірін Ресей, Қытай, Алматы, Астанадан жеткіздік. Мектепті ашқаннан кейін жұмыстың кешенді болғаны жөн. Сондықтан материалдық базаның толықтығына көңіл бөлдік, – дейді жас кәсіпкер.

Серікбол айына бір рет мектепте оқитын балалардың басын қосып,

шара өткізуді ойға алып отыр. Ол бұл қадамның техникаға әуес балалардың момын, томаға-тұйық болатынынмен, ал көпшілік шаралар олардың мінезін ашуға көмектесетінімен байланыстырады.

Мектептің ашылу рәсіміне қатысқан өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Галимбек Жақсылықов:

– Қазіргі цифрланған қоғамды ақпараттық технология мамандарынсыз елестету қиын. Ал мұндай мамандардың жастарды оқытуға ден қойғаны – қолдауға тұрарлық бастама. Серікболмен көктемде таныстым.

Сол кезде қалада робототехника мектебін ашықса келетінін айтты. Инновациялық жобалар байқауына қатысып көрген, бірақ жеңіске жете алмады. Дегенмен, оған ештеңеге қарамастан істі бастауға кеңес берген едім. Серікбол сөзінде тұрды. Бастамасына, алғашқы қадамына қарап сүйсініп отырмын. Әріптесіме сөттілік тіледім. Біз де өз тарапымыздан қарап қалмаймыз. Қолдан келгенше көмек береміз, – деді.

Қазіргі өзінде мектеп ашылатынын естіген 10-нан астам бала оқуға жазылған.



АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА

Осы күні бүкіл әлемде цифрландыру үрдісі кең етек алды. Көптең қаламұды қамына Қазақстан да кірісіп кетті. Өйткені заман ағымына ілес алмаған, жеңіл әрі сапалы қызмет көрсетуге қауқарсыз ел көптеген игіліктен қағылады. Адамзат ақыл-ойының кемелдене түскенінің көрінісі шығар, қазір айналамызда қаладан бастап үйлерге дейін «ақылды». Бұдан шамалы уақыт бұрын ғана таныс болған жаңа технология фермеріміздері барлық салада қолданыла бастады. Және олардың тиімділігі мен пайдасын да байқап жүрміз.

Мемлекет басшысы: «Экономиканың күретамамы – зауыт, фабрика, өндіріс орындарында еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыру, экспорт көлемін ұлғайту үшін цифрлық технологиялардың атқарар ролі үлкен. Сондықтан оны жүзеге асыруға әрбір министрлік, әкімдік, сондай-ақ, Қазақстандағы әрбір компания қатысуы тиіс», – деген болатын. Бұл тапсырма «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясындағы қолға алынған шаралардың ауқымын арттырып, маңыздылығын еселей түсті. Мемлекеттік бағдарлама төрт негізгі бағытта жүзеге асырылады. Біріншісі – «Цифрлы Жібек жолын» құру немесе сенімді, қолжетімді, жылдамдығы жоғары, қорғалатын цифрлық инфрақұрылым. Екіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігі. Мұнда креативті қоғам, жаңа және қосымша IT мамандарды, жаңа цифрлы экономика машықтары мен құзырларын жасауға көңіл бөлінеді. Үшіншісі – экономиканың көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы, электронды коммерция салаларын цифрландыру. Соңғы бағыт – «Белсенді цифрлық үкіметті» қалыптастыру.

Біз бүгін экономиканың бір ғана саласы – ауыл шаруашылығын цифрландыру жұмысы жайында аз-кем айтамыз. Қазіргі таңда Елбасы тапсырмасына сәйкес ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану мақсатында өсітік алқаларының электронды картасын құруға негізделген кешенді шаралар жүргізілуде. Жалпы, аграрлық сек-

торды цифрландыру бағдарламасы еңбек өнімділігін – 45, өнім көлемін 69 процентке дейін арттыруды көздейді. Жоспарланған ауқымды жұмыстың бір бөлігі smart-фермалар санын көбейтуге бағытталып отыр. IT технологияларды, оның ішінде нақты егіншілік технологиялары мен SMART-фермаларды пайдалануға бизнесті тарту үшін жағдай жасалмақ. Мамандар нақты егіншілік элементтерін енгізу фермерлерге өндіріс тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді деп есептейді. Одан бөлек, шығынды айтарлықтай азайтуға септігін тигізеді.

Ақылды технологияны қолдануға енгізгендер қатарында Шиели ауданындағы «Ақмая» шаруа қожалығы да бар. Ж.Жиембаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының жетекшілігімен шаруашылық базасында «Ақмая Smart Farm» ғылыми-өндірістік жобасын іске асыра бастады. Жобаның мақсаты – ауыл шаруашылығына жеделдетілген инновациялық технологияларды енгізу, фермерлік шаруашылықтардың өндірістік тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру, ішкі нарықты сапалы азық-түлік өнімдерімен толықтыру, азық-түлік экспортын ұлғайту.

«Ақмая» шаруа қожалығының төрағасы Дәулет Жұмабеков бізбен әңгімелесу барысында жоба аясында мезеленген шаралар туралы айтып берді. Соның бірі – ұшықшыз ұшатын аппараттың көмегімен 800 гектар егестік танабын цифрландыру. Екіншіден, шаруашылық ресурстарына кешенді аудит жүргізілді. Қолда бар техника, қызметкерлер, танаптар мен олардың тарихы, өнімділігі, сорттары жайлы көптеген мәлімет жиналды. Бұл деректер «Ақылды ферманың» ішкі бірінші цифрлық тұғырнамасына да орналастырылды. Одан кейін топыраққа дифференциалды талдау жүргізілді, топырақ құрамының өзгеріске бейімділігін ескере отырып, танаптардың цифрлық картасын алу көзделген. Картадағы мәлімет минералды тынайқыштарды

нақты пайдалануға, өсімдіктерді қорғау жүйесін дәл қолдануға негіз болады. Бұл жанар-жағармай мен қажет материалдарды 30%-ке дейін үнемдеп, осылайша ферманың өндірістік тиімділігін арттырады.

Жұмыс барысында кен спектрлі сенсормен қамтылған заманауи техникалар көмекке келді. Ауыл шаруашылығы техникасының бірегей мүмкіндіктері толығымен пайдаланылады. Тракторлар мен комбайндар датчиктерінің ақпаратты біріктіріліп, шаруашылықтың «Ақылды фермасында» қолданылады. Топырақ, ауа, су, күн туралы деректі жазып, оны белгілі бір уақытта жүйенің орталық серверіне жіберетін автономды метеостанциялар орнатылады. Метеостанциялар ауа райын ескере отырып, өндірістік процесті түзету, құрғақшылық, зиянкестердің жаппай көбеюі сияқты қолайсыз жағдайлардың алдын алуға көмектеседі, – дейді Д.Жұмабеков.

Жобаның тағы бір артықшылығы – зиянкестерді қашықтан бақылау жүйесі құрылды. Сонымен қатар, өндірістің барлық кезеңінде толық зертханалық фитопатологиялық бақылау жүргізіледі. Ең бастысы, мұнда әрбір фермер табыс пен өнімділікті арттыру, тәуекелдерді басқару, техниканы жұмыс істеу тәсілдері және өзге де мәселелер бойынша жауап таба алады.

Тауда Қызылордада өткен аймақтың агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мәселесіне арналған семинар-кешеніңе облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аталған жобаны өзге шаруашылықтарға үлгі ретінде ұсынды. «Заманауи цифрлық технологияларды пайдалану шығындарды қысқартып және өнімділік деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді», – деді өңір жетекшісі. Иә, цифрландыру ісі басқа салалар сияқты, ауыл шаруашылығына да алға сүйрейді. Ал цифрлық технология фермерлерге озық әдістерді үйренуге, өндірістің бірінші стандарттарын қалағалауға қолайлы жағдай туғызады. Ең бастысы, еліміздің басты драйверіне айналуы тиіс аграрлық саланың дамуына негіз болмақ.

Н.ҚУАНДЫҚ.

САЛАНЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Елбасы билғы Жолдауында ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық жүйеге көшу, сол арқылы қызмет сапасын арттыру туралы айтып, бірқатар тапсырмалар жүктелген болатын. Бұл денсаулық сақтау саласына да қатысты. Осыған байланысты электронды денсаулық паспортты енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу, соның нәтижесінде медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру көзделуде. Бұл орайда «Денсаулық сақтау саласын цифрландыру» бойынша облыстық Жол картасы бекітіліп, тиісті жұмыстар атқарылуда.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Жол картасы 5 бағытты қамтиды. Атап айтқанда, IT-инфрақұрылым, сауықтыру және аурулардың профилактикасы, ауруды ерте анықтау, медициналық көмек көрсету және созылмалы ауруларды оңашту.

Мәселен, IT-инфраструктура бойынша, облыс көлемінде медициналық ұйымдар интернет байланыс арналарымен 78,8 процент қамтамасыз етілді. Оның ішінде қала және аудан деңгейінде медициналық мекемелердің қамтылуы 100 процентке жеткен. Жыл соңына дейін шалғай елді мекендерде орналасқан 60 медициналық бекетті интернет жүйесіне қосып, көрсеткішті 100 процентке жеткізу көзделген.

Жалпы, саланың компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуі 80 процентті құрайды. Жыл соңына дейін толығымен жабықтау үшін облыстық бюджеттен 175106,5 мың теңге қаржы бөлініп, сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, медициналық ұйымдардың өз қаражаты есебінен де қосымша компьютерлік техникалар сатып алынғаны белгілі болды.

Қазіргі уақытта қала және аудан деңгейінде медициналық ұйымдардың ақпараттық жүйелермен қамтылуы 100 процентке жеткен. Сала мамандарының айтуынша, медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу «нақты деректерді» қалыптастыру есебінен медициналық деректер мен құжаттаманы қағаз қолданбай жүргізуге көшіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүйеде жинақталған ақпарат пациент туралы жанарлық деректерді көріп, клиникалық шешім қабылдау үшін дәрігердің қолдануына өте ыңғайлы және тиімді болмақ. Ал, біздің облыс осы жылдың ішіндегінен бастап медициналық құжаттамаларды электронды жүйеге көшіру бойынша пилоттық жобаға қосылды.

Сондай-ақ, тұрғындарға ақпараттық және электронды көмек көрсету мақсатында «Дамумед» медициналық ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасы енгізілді. Қазіргі таңда 121109 тұрғын тіркеліп, облыстағы интернет белсенді тұрғынға шаққанда 30,3 процентті құрайды. Оның ішінде жүкті әйелдер үлесі 71,1 процент, 5 жасқа дейінгі балалар ата-аналарының үлесі 39,3 процентті құрайды. Мобильді қосымша арқылы дәрігер қабылдауына алдын ала жазылуға, дәрігерді үйге шақыртуға, жазылған рецептер туралы, ашылған еңбекке уақытша жарамсыздық парағы туралы, зертханалық талдау нәтижелері жөнінде мәлімет алуға болады. Мамандар жыл басынан бері мобильді қосымшаны пайдаланушылар санының 5 есеге көбейгенін айтады. Мәселен, қазіргі таңда қосымша арқылы дәрігерге онлайн жазылған тұрғындар саны – 38329 болса, дәрігерді үйге шақырғандар саны – 2353. Сондай-ақ, медициналық ұйымдардағы мемлекеттік қызметтердің электронды түрде көрсетілуі бытырғы жылымен салыстырғанда 51 процентке жоғарылаған.

Деректерді мұрағаттау мүмкіндігі бар электронды флоротека модулі іске қосылып, облыстық мекемелердегі мамандардың қорытынды нәтижелерін екінші рет оқуына жағдай жасалды. Бұл өз кезегінде патологиялардың өткізіп алу қаупін төмендетеді екен. Осы жылдың маусымынан бастап барлық медициналық ұйымдар еңбекке жарамсыздық парағын электронды беруге көшкен. Жоғарыда айтып өткен «Дамумед» мобильді қосымшасы арқылы дәрігерге онлайн жазылу, дәрігерді үйге шақырту, скринингтік тексеруге жататын тұрғындар тобы үшін тексеруден өту туралы, сондай-ақ, жыл сайынғы өткізілетін флюорографиялық тексерілу жөнінде СМС хабарландыру жіберіледі.

Бүгінде облыс тұрғындарын электронды төлқұжаттармен қамту 93,8 процентті құрауда. Сондай-ақ, диспансерлік есепте тұратын науқастарды цифрлы диспансеризациямен қамтамасыз ету 32,3 процентке жеткен. Сала мамандары бұл іс-шаралар созылмалы ауруларды бар науқастардың тізімін автоматты түрде қалыптастыруға, рецептерді онлайн ұзартуға, пациенттердің денсаулық жай-күйлері туралы деректерді онлайн беруге мүмкіндік беретінін айтады.

Денсаулық сақтау саласын цифрландыру аясында бұлардан басқа тағы бірнеше жобалар іске асырылуда. Олар «Облыстағы медициналық мекемелерде телемедициналық құрал-жабдықтар орнату», «Облыстық медицина орталығына біріктірілген операциялық жүйені енгізу», «Электронды қабылдауға жазылу және электронды кезек» және «Патронаждық медбике» мобильді қосымшасын енгізу» жобалары.

Саланы цифрландыру нәтижесінде халықтың медициналық көмектің сапасына қанағаттанушылық деңгейін 44 процентке жоғарылатуды көздейді. Оған қоса, тұрғындардың өз денсаулығын басқаруы, денсаулық туралы барлық ақпарат онлайн режимде қолжетімді болуы, үйден шықпай консультанциялар, талдаулар мен дәрі-дәрмектер алуын қамтамасыз ету, дәрігердің қабылдау уақытын 50-60 процентке қысқарту, зерттеу қорытындыларын алу уақытын 2 есе азайту күтілуде. Жыл соңына дейін 62 медициналық құжаттама нысанмен электронды жүйеге, 32 медициналық ұйымды толығымен қағазсыз құжатайналдырма көшіру, электронды денсаулық төлқұжатын 95 процентке жеткізу жоспарланған.



Turymbet Salqynbaulyның туғанyna - 150 жыл

Жал-жал толқындары бірде асып-тасып асау мінез танытатын, енді бірде сабасына түсіп, сабырлы қалпымен жөңкіле асып жататын арнасы кең, айдыны шалқар Сырдария өзенінің көк құрақты жағасына келіп, иірім-иірім толқындармен сырласып, бір сәт терең ой кешіп отырудың өзі – бір үлкен саниет! Тым алыстан құлаққа етене таныс Сырдың терме сазының күмбір-күмбір сарыны келетін сияқты. Аталы өсиеті мен баталы қасиетін айтпағанның өзінде, өмірден алынған терең философиялық ойларды, биік адамгершілік, елдік асыл мұраттарды, берекелі тірлік пен бірлікті кестелі жыр, әсем әнмен әспеттеп, қошеметің қауымды ерекше желіндіріп тастайтын күміс көмей жыраулардың терме сазының құдіретіне не жетсін?!



Елінің бақытын жырлаған

Қармакшы кентінің батыс бетінде бүкіл Түркі әлемінің абызы, күй тәңірі – Қорқыт атаның кешенді кесенесі меймұдалап тұр. Кесененің темір жолға жақын арғы бетінде Сырдария өзені жөңкіле ағып жатыр. Бұл өлкеге келген қадірлі мейман, жол жүрген жалаушының қайсыбірі болмасын, қасиетті Қорқыт атаның жамбасы тиген киелі топыраққа тәжім етпей кетпейді.

Бағзы замандардан жеткен әфсана ойға оралады. Өлімнен қашып өлмейтін өмір отын, болашағы жарқын Жерұйық мекенді іздеп, бүкіл жанды шарлап шыққан Қорқыт ата астындағы желмаңасын ұзын аққан өзені, жусанды дала-сы, жасыл жайлауы, мыңғырған малы, кенпейіл жаны бар бұл өлкеге бекерден-бекер шөгермеген екен. Жарықтық абыз атаның жамбасы тиген орынды қалайша кие тұтпасқа?! Бұл мекен – бақ, ырстың, ақ күріштің ғана емес, тауардай асыл әннің, жауһардай жасын жырдың жерұйығына айналды. Басқасы басқа, осы құнарлы да, киелі топырақтан елдің, жердің данқын айдай әлемге, гасырдан гасырға асырған төпке ақындар мен күміс көмей жыраулардың жұлдызды шоғыры қаптап шыққан. Мұны киелі жердің қасиетті өнердің шапағаты демей не дейміз?!

Әрине, қазақтың байтақ даласы мұндай құндылықтарға өте бай. Өнер бар жұрттарға тән. Және де ол ұрпақтан ұрпаққа мәңгі мирас болып келеді.

Елбасы алға койған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыста тарихи тұлғаларды танып-біліп, олардың есімдерін жаңғыртудың маңызы айрықша мәнге ие болуда. «Жыраулар отаны» атанған қасиетті Қармакшы жерінде өз заманында Әзілқашақ ақын, Ешнұр сал, Балқы Базар, Тұрмағамбет, Дүр Оңғар, Шораяқтың Омары, тағы басқа көптеген ақын-жыраулардың жұлдызды шоғыры қалыптасты. Осы шоғырдың тағы бір көрнекті өкілі – кезінде Алаш жұртына Бала жырау атағымен кең танылған Сыр сұлейі Тұрмағамбет жырау Салқынбайұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Үкімет шешімімен Тұрмағамбет жыраудың торқалы тойы республикалық деңгейде өтетін мерейтойлар күнтізбесіне енгізілген. Осыған орай, облыс орталығында жыраудың туған жері Қармакшы ауданында мерейтойға әзірлік шаралары қолға алынды.

Тұрмағамбет жырау Салқынбайұлы 1868 жылы бұрынғы Қазалы уезінің (Қармакшы ауданы) Жамансыр болысы, 3-ші ауылда дүниеге келген. Сол өзінің туған ауылы «Бозарқаш» колхозында (қазіргі Ақтөбе ауылы) 1946 жылы желтоқсан айында 78 жасында қайтыс болған. Бейіті сондағы бабалар қорымында. Ұрпақтарының күшімен басы қарайтылып, күмбез орнатылған.

Тұрмағамбеттен жалғыз бала – Бекмахан. Бұл кісінің 13 ұл-қызынан бүгінде 100-ге жуық немере, шөбере, шөпшек тарап отыр.

Жыраудың әкесі Салқынбай Сыр бойындағы Қарақұм өңірін жайлаған орта дәулетті кісі болған. Қарақұмда «Салқынбай құмы» деп аталатын ақ шағылды, биік жалды төбе бар. Салқынбайдан – Жадыра, Тұрмағамбет, Қолдабек, Молдабек туалы. Тұрмағамбет жырау бала кезінде домбыра тартып, ән айтқан, сөзге жүрік болған. Атасы Жадыра да үлкен шайыр болған. Бірақ, ол інісінің өнері басым екендігін байқап: «Бір үйден екі жырау шыққанымыз ерсі болар», – деп жолды талантты інісі Тұрмағамбетке беріп, шайырлықты қойып кетті. Қарттардан жеткен дерек осылай дейді.

Тұрмағамбет жырау Салқынбайұлы кезінде тек өз өлкемізді емес, Арқаның Ұлытау, Сарысу, Батыстағы Ақтөбе, Ырғыз өңірлерін, сондай-ақ, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстандағы қазақ ағайындарды көп аралап жыр айтқан кісі. Ондай сапарларда ол Сырдың сұлу терме сазын өзіндік ерекше мақаммен орындап, сандуғаш сарыны жырау атанған. Көтекі жырау өзінің және Сыр сұлейілерінің терме саздарын алыс жерлерге кең насихаттаумен бірге, Шығыстың қызық сюжетті, қисса-дастандарын да күн-түн демей жалықпай орындайтын шеберлігімен талайды тандай қақтырып келген. Сыр бойы ақын-жырауларының мұрасын көзі тірісінде тіріктен жинап, бір ізге түсіріп, оның бәрі Қазақ ССР Ғылым Академиясы Әдебиет және Өнер институтының сирек қолжазбалар қорына табыстап кеткен белгілі әдебиет жанашыры, шежіреші қарт Әлқуат Қайнарбаев өз естелігінде (Қармакшы

аудандық «Коммунизм шамшырағы» газеті. 1970 ж. 7 сәуір): «Тұрмағамбет бала жастан өлең-жырға әуестеніп, оларды жиын-тойда домбыраға қосып, мәпелеп айтатын болғандықтан, бала жырау атанған. Содан кейін жиырма жасының шамасында-ақ, табанда суырып салып айтатын сандуғаш дарынды жыраудың бірі болған», – деп жазды. Әлқуат ақсақалдың өзі де жас кезінде Тұрмағамбет жыраудың қасына еріп, оның және Сыр бойының көп ақын-жырауларының өлең-жырлары мен дастандарын қағазға түсіріп отырған.

«Ақын-жыраулар» («Ғылым» баспасы. Алматы, 1979 ж.) атты кітапта: «Салқынбаев Тұрмағамбет – Сыр бойы, Арқа, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Өзбекстан жерлерін көп аралап, жыр айтқан. «Зинарат қыз», «Әміре-Ұрлық», «Ақтам сопы», «Әуезхан» сияқты көп жыршы-жыраулар біле бермейтін, ұзақ әрі қызық сюжетті қисса-дастандарды ел арасында бірден-бір таратушы жырау. Тұрмағамбет жыраулық өнеріне қоса ірі айтқы ақыны, революциядан бұрын Жиенбай жырау, Кете Жүсіппен айтқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында халық ақындарының аудандық облыстық айтқыстарына қатысқан. Шығармалары «Пернедегі термелер», (1965), «Айт-тыс» (2-ші том, 1965) кітаптарында жарияланған» деп жазылған нақты анықтама бар.

Тұрмағамбет жырау бала кезінен бастап ескіше оқып, ауыл молдасынан сауатын ашады. Оған әрі ол өз бетіне ізденіп, Шығыс поэзиясының інжу-маржандарынан терең сусындайды. Жастайынан тапқаб, терме, толғау, айтыс, тойбастар, мақтау, сынау, мінеу сияқты өлеңдерді табанда шығарып айтуға өте шебер болады. Бұған оның жасы үлкен ағалары Балқы Базар, Дүр Оңғар, Данмұрын сынды халыққа аса әйгілі өрен жүйріктердің соңдарынан еріп, үлкен сайыстарға қатысуы елеулі септігін тигізеді. Бергі келе, бала жырау терме, толғау, т.б. ұзақ жырларды айтумен қатар, Шығыстың қызық сюжетті қисса-дастандарын мақамына келтіріп орындаудың хас шебері атанады. Тұрмағамбеттің осындай жыраулық ән-мақамдары мен қайырмалары кейіннен соңынан ерген шәкірттері Молдахмет, Сәрсенбай, Балқашбай, тағы басқа жыраулар жалғастырып, бірінен-соң бірі іліп әкеткен.

Бала жыраудың өнерін Сыр, Ырғыз, Нұрата өңірлеріне белгілі Төребай би Пышанұлы да жоғары бағалаған. Ол Дүр Оңғарды бас ақын деп оң жағына, Тұрмағамбетті жас ақын деп сол жағына отырғызып, екеуіне де үлкен сыйқұрмет жасаған. Атақты Алматы би Тобабергүлұлының бірде екі араздасқан елді бітісіріп, татуластыру мақсатында халыққа аса әйгілі Дүр Оңғар, Жиенбай, Тұрмағамбет жырауларды арнайы шақыртып алып, үшеуіне бірдей бір ұйқас, бір ырғақпен жыр айтқызып, сөз салмағын жұрт алдында сарапқа салғаны бар. Өзара араздасқан екі ел үш жыраудың тереннен толғап айтқан сөздерінен кейін ақылға келіп, бір-бірімен шұрқырасып көріскен екен. Жыраулық өнердің, сөздің құдіреті арқылы дала билері кезінде елді татулық пен бірлікке осылайша ұйыстырып отырған ғой.

Тұрмағамбет Салқынбайұлының өз туғандары арасында шоктығы биік өнер иесі, шырқау дауысты көтекі жырау әрі ақын, сазгер екендігін дәлелдейтін деректер де көп. Мысалы, Сыр сұлейілерінің көрнекті өкілі, халық ақыны Қуаныш Баймағанбетов өзінің «Сымбат-

ты Сырдың сұлу сұлейілері» деген толғауында:

«Кетеді Шораяқтың Омары өтті,
Өлгеніе өлең-жырды жоғары етті.
Данмұрын, Ешнұр бен

Оңғар жырау,
Тұрмағамбет бес Бозғылдан бұлар да өтті»,

–деп оны топжарған дүлдүлдердің алдынгы қатарында атайды.

Ал, белгілі жыршы-жырау, Сыр сұлейілерінің көрнекті өкілі Балқашбай Жүсіпов өзінің ұстаздарына арнаған термесінде оның әншілік, сазгерлік қырын жоғары бағалайды.

Жалпы, қазақ әдебиетінің дамуына Сыр сұлейілерінің қосқан ерекше үлесі мен өзгеше үрдісі жайлы қызылордалық белгілі әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Қарібозовтың салмақты пікірлері айтып, байыпты зерттеулер жасап жүргені белгілі. Осы белгілі ғалымның Дүр Оңғар Дырқайұлының шығармашылығы хақында жазған «Киелі сөздің иесі» атты зерттеу мақаласында «Қазақ әдебиетінің құрамдас бөлігі, ағысты арнасы Сыр сұлейілерінің шығармашылығы әдебиетіміздің бүгін бір кезеңін, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басын барынша қамтып жатуымен бірге, жалпы көркем өнеріміздің тарихы мен теориясы үшін мағналы мазмұн, көркем түр, эстетикалық биік талап деңгейіндегі жоғары талғаммен дүниеге келген әдеби мұралар болып табылады», – деп Сыр өңіріне тән ақындық, жыраулық өнердің жалпы сипатын терең ашып көрсетеді.

Осы тұрғыдан алып қарар болсақ, Тұрмағамбет жырау Салқынбайұлының шығармашылығы да өз кезіндегі уақыт пен заманның тыныс-тіршілігімен үндес. Оның көптеген өлең, толғаулары жоғарыда айтылғандай, қазақ поэзиясындағы бұрынғы өткен ақындар мен жыраулар поэзиясына тән көркемдік тәсілдер мен айшықты нақыштарға толы. Бұған Тұрмағамбет жыраудағы:

«Келіндер, бектер, келіндер,
Қай пенде адын болжасты.
Өздеріңе жақсылап,
Ұласып сөзім жасаласты.
Айрылысқан азып ақыматқын,
Талайы болан албасты.
Қосылған озып көркейіп,
Тойдырған неше қарны ашты.
Бірлікте – береке,
Қайда ұйсаң қанат талмас-ты».

Немесе:
«Сөйле, сөйле, қызыл тіл,
Қолға алып сөзден алмасты.
Кесе бір сөзің болмасын,
Қадамыма алғашқы.
Ауақты тербесем.
Аятармын жан-жақты», –

дегендей шымыр шумактарын көптеп мысал етуге болады. Ақын немесе жырау кай дәуірде өмір сүрмесін, ол өз дәуіріндегі қарапайым жергілікті жерлердегі қолиокпарлары – шолқ белсенділердің қанына тартпай, қарнының қамы үшін жөн-жосықсыз астамдық әрекеттерге барып жүргенін отты жырлары арқылы батыл сынады. Бұған оның «Айттым сөз серлетпекке сонғы ұлыққа», «Қоштайсың бір-біріңді қулар кілең», «Белсенді келінге», т.б.

өлең-жырларын атап айтуға болады. Елдің үстінен күн көріп, тым есіріп кеткен билік басында жүрген шолқ белсенділерді жырау:

«Айттым сөз серлетпекке
соңғы ұлыққа,
Астамдық аңлаған соң соңғылықта,
Байқаңдар, басшы болған

азаматтар,
Қыңжылтып, көпшіліктің
кеуің жықпа.

Қарсы сөз сөйлегенді құртамын деп,
Қорқыттың, құр зәріңді

жайма жұртқа», – деп жеріне жеткізе сынаса, келесі бір өлеңінде:

«Қоштайсың бір-біріңді қулар кілең,
Жайыңды сендердің де жақсы білем.
Жұмыспен жұрт
жұмылып жатқанында,
Тасалап жүресіңдер тартып күрең.
Еңбегін колхозының қанамасаң,
Алар ма ең мыңдап сомаға

қос-қос кілем?
Түскіңіз, жібік көрте, парлап кім,
Жигандой соңша дүние сен бір

кім ең?!» –

деп тағы да сол ел үстінен күн көрген басышымақтардың теріс іс-әрекеттерін батыл әшкерелейді.

«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қазақы қағиданы берік ұстанған Тұрмағамбет жыраудың сол кездегі шолқ белсенділердің әпербақан әрекеттерін көпшілік атынан өткір сынап-мінеп жазған өлеңдері біреулерге ұнамай да қалады. Соның да әсері шығар, Тұрмағамбет жырау уақытша басқа жерге қоныс аударуға мәжбүр болады. Сөйтіп, бір түнде отбасы, мал-мүлікпен Өзбекстанның Тау-Елібай деген (Тамды ауданы) жеріне көшіп кетеді. Барған соң ол жақтағы ағайындармен тез тіл табысып, сонда тұрып қалады. Бірақ, елмен байланысын үзбейді, кейіннен жыраудың Сыр бойына кері оралуға жасаған ниеті бірден жүзеге аса қоймайды әрі мұнда ертіп келген ағайындарын қимай жүреді. Жыраудың сол тұста елді сағынып, ол жақтағы шәкірт інісі, діни ағартушы Ыспан қари Сүлеймен баласымен өлеңмен хат алысып тұруы тұрған жерге тезірек оралуларына елеулі түрткі жасағанды болады. Оны туған жерге деген ыстық сағыныштан туған мына жыр жолдарынан байқау қиын емес. Өлең-хаттың соңғы түйінінде жырау:

«Қармакшының қағасы,
Жазалай біткен аласы,
Сырдарияның саласы,
Оман дария аман ба?!
Жаптардың суы бұлтылдап,
Ақ күмістей жылтылдап,
Балығы ойнап бұрқылдап,
Бұлбұлдай сайрап құстары
Ертелі-кейі жыңқылдап,
Көл бетінде үйрек қаз,
Аққулар ұшып сыңқылдап,
Тимей ме ешкім оларға?!
Шыбындар шағып шымыш ма,
Шыдамай іттер қыңси ма?
Матақан, маса, соналар,
Баяғдай ыңқи ма,
Азайған жоқ па олар да?!
Бізден сәлем айтыңдар,
Қалмасын қағыс солар да!» –

деп Сырдағы ел-жұртын ғана емес, оның ұшқан құс, жүгірген аң, жорғалаған жәндігіне дейін сағынып, аңсап жүргенін жүрекке жылы жеткізе біледі.

Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫ,
жыраудың немересі, Қазақстан
Жазушылар және Журналистер
одағының мүшесі, ҚР Ақпарат
саласының үздігі.

КЕҮДЕНІҢ КӘҮСАР БҰЛАҒЫ

Асқарбек жырлары – ақжарылқап жүректен шыққан туындылар. Шанау сөз жоқ, артық ой салмағы да білінбейді, жұп-жұмыр, тегіс қалған кірпіштей. Ақын да сөзбен әсем ғимарат тұрғызатын құрылысы ғой. Осы «кәсіпте» Асқарбек – шеберлігі шыңдалған сөзгер. Қызметі өзге салада болса да, кәсігі қаламгерлер секілді замандасымыз өз өлеңдері арқылы «Ақындық оқып алатын мамандық емес, туа бітті қонған қасиет» деген тәмсілді тағы бір бекіте түседі.

«СБ» руханият.

Асқардың жыры деседі...

Шөліркеп бейуақ аңсаған жаным сезімді,
Кәусары сырдың түгесілгендей сезді.
Тағдырдың тартқан тауқыметімен тартысып,
Түн жарымында тақтаптар тәнім көзі ізді.

Түсінетін бейбақ табылса жақұт жырдың,
Бір мезет, бәлкім, көтерер ме еді құныңды.
Базірәулерге күркіреп өлең оқысаң,
Алдаусырайды бөлкісін болып мұңыңды.

Мұндайда жалғыз тірегің – лағыл өлеңің,
Маған да аян баз кешіп бір күн өлерім.
Тәңірге таубе жаратты жырмен сыңар ғып,
Жалғанда жалғыз асыл сөз болар терерім.

Өңменен өтті талайдың мазақ еткені,
Адамшы тірлік тұрлаусыз неткен өтпелі.
Сүрінбей келем сынынан жұрттың мінеген,
Жақсы жандардың шаарпаты бірақ жетпейді.

Өремінен өлең тере алсаң сол да жетпейді,
Пенденің мәңгі Қайыран болмақ мекені.
Өтермін рас бақиға түзен көш басым,
Өлең-жыр ғана тарихқа менің көшеді.
Асқардың жырды деседі...

Луыл-Арман

Алауысыз тірілік көңілі басып демдеген,
Ат жалын тартып ұл болып өстім ел деген.
Бағын тілеп бақыттың ата жұртыма,
Жыр тұлпарын үкілеп қостым кермеден.

Бауырым жазса жақұт жыр көңіл кешіне,
Айтатын ойды жасырып қалам несіне.
Өсиетін дана Абайдың мыңдап толғансам,
Балалық шағым түседі әркез есіме.

Шығуын күннің қарсы алар ауыл еңбектен,
Азаматтары ақ еден, адал тер төккен.
Ақ жазулықты – аналар балық, тірегім,
Бесікті тербеп, тәрбиелер елді жеректен.

Шаңдатып жүріп көшесін кездім, баламын,
Болмады-ау, сірә, бақыттан сол кез хабарым.
Ауылда жүріп қалған ойлап армандап,
Білмедім рас туған жер, ауыл бағамын.

Ақырындап өтіп жайдары жылдар тізбегі,
Баласын ауыл аңсады, күвер үзбеді.
Тас жүрек қала, тас үйлер, тас қамалдар,
Жұтаңдау сезім, күмәнді көңіл күзбеді.

Қалалық ұстап танылған көпке құнды үні,
Жалының болып жаратқан жырдың дүлдүлін.
Қаланы ойлап жататын ауыл баласы,
Ауылын аңсап іздейтін болды бұл күні...

Қош, махаббат...

Қош, махаббат...
Өмірдегі асылым,
Қала алмастың, сірә, сенен жасырын.
Үміт отын арманымның өшіріп,
Басқа жанға кетті менің шағымым.

Қош, махаббат...
Қош бол енді, қош енді,
Бұрынғыдай кезе алмастың көшенді.
Өткен күндер, екеуім де елесіз,
Бәрі бітті, бітті бәрі, кеш енді.

Қош, махаббат...
Жүректесі қымасым,
Көңілімде ішерлі күй мен мұң басым.
Пәк періште сезімдімді ұқпаған,
Нәзік емес, жүрегі оның қорғасын.

Қош, махаббат...
Қош бол, менің сүйгенім,
Пенде мені түсіне алмас күйдемің.
Көшпелі атан секілденді махаббат,
Бәрі алдамшы көңіліме түйгенім.

Қош, махаббат...
Өмірімнің сүйі едің,
Бақыттың баян баяндағы жырды едің.
Басқа жанды қаласа егер жүрегің,
Сүйсеңнен мәңгі бір бол тілегім.
Қайырлы таң!
Махаббат...

Асқарбек ЕСЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



Өнеге

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ – КЕМЕЛДІЛІК БЕЛЕСІ

Ауласы жасыл желекке көмкерілген Ардагерлер үйінен қалың ойға шомып шықтық. Құлағымнан Оразғали Бекбанов ағамыздың саңқыдай шыққан зор даусы кетер емес. «Адамның мінез-құлқы даусынан ажыратуға болады» деген пікірдің жаны бар. Орекеннің өзіне ғана жарасатын қою үні өзіне сенімді, кімге де болсын пікірін тайсалмай жеткізетін батыл мінезді адам екенін танытып тұрғандай. Ағамызбен тілдесе қалсаңыз, өзінің өмірге деген таным-қозғарысының мүлде соны сипат алары анық.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Небір даналық лебіздерді ки- ку шықса, кара үзіп шығар тұлпардай көсілте жеткізгенде елдің ынтымақ-бірлігін, тату тірлігін насихаттауды қанына сіңірген абыз асқақалға еріксіз сүйсінесіз. Сұңғылалық жүрген жерде күншілік пен іштарлықтың болатыны да өмірдің өзін туындаған қағида. Орекеннің жағымпаздыққа, жалғандыққа жаны қас дағдысы, қынабынан суырған қайраулы қылыштай өткір тілі кейбір пысақайлардың дегбірін қашыратынын, сыртынан күңкілдеуге соқтыратынын несіне жасырамыз?! Әрі бұл қасиет Бекбановтың туабітті мінезі екені де баршаға мәлім. Басқасын айтпағанда, ұзақ жылдар бойы аудан орталығы – Жаңа Қазалы (қазір Әйтеке би кенті) кентінің тізгінін ұстаған тұста да бұғып қалған сөті болған емес. Мұндайда ағамыздың өзі ел ішінде бірлі-жарым телі-теніктен кездесуі қалыпты жайт деген қағиданы ұстанды екен. Бұл да кеңпейіл қазеңнің атадан балаға мирас қылған ұлттық ерекшелігінің көрінісіндей.

Тазалықтың табалдырықтан басталатынын бәріміз де жақсы білеміз. Ауласында жасыл желек масасындай құлпырған, алуан гүлдерінен жұпар аңқыған көрікті ғимараттың іші-сырты мұңғаздай. Маңайдағы жарықрата сырланған таутеке мен өзге де мүсіндер, орындықтар, кіреберістегі ардагерлер өмірінен шыр шеретін қызықты деректер темірлей тәртіпті ұнататын, талғамы жоғары жанның қолы тигенін аңғартып-ақ тұр. Енді аудандық ардагерлер кеңесі мен

ардагерлердің нақты кезеңде атқарып жатқан тағлымға толы жұмыстарына тоқталсақ.

Ардагерлерді аудан көлемінде қолға алынып жатқан сан алуан жұмыстардың басы-қасында көресіз. – Үлкенін сыйламайтын қазак жоқ. Көп жаңылса, көнеден сұрайды. Үлкенге арқа сүйсе, ақыл-парасатына құлақ асу – ежелден бар ерекшелік. Аудандық ардагерлер ұйымы кеңесі осы бағытты ұстанады. Жеке бастың қамы емес, қоғамның мүддесін ойлауды, Елбасы мен үкімет қабылдаған бағдарламалар, бастамалардың орындалуына сеп болуда. Қазіргі таңда аудан елді мекендері мен мекемелерде ардагерлер кеңесінің 77 бастауыш ұйымы бар. Олар заман талабына сай келетін құралдармен (жұмыс үстелі, орындықтар, телефон мен сейф, компьютер, теледидар, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, нарды, домбыра, газет тігінділері), тағы басқа заттармен жабдықталған. Жұмыс жасауға жақсы жағдай жасалған. Әрбір ардагердің картотекасы жасалып, компьютерге салынып, сайты ашылды. Елбасы саясатына қашанда қолдау білдіріп, өмір жолында жиган мол тәжірибелерін қоғамның дамуына жаратуға қолы жеткізіледі. Адам құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, бойына патриоттық рухты сіңіре білу тұрғысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алдымызға қойып отырамыз, – дейді аудандық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі кеңесінің төрағасы

Оразғали Бекбанов.

Ағамыздың сөзі шындықтан жырақ емес. Бекбанов басылық жасайтын ардагерлер кеңесі ел ішінде төбе көрсетіп қалатын керіскендерді келістіріп, бітістірумен шектелмей мүгедек жандарға қайырымдылық жасауды, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға қол ұшын созып, демеушілер арқылы көмек жасауды тұрақты дағдыға айналдырған. Сондай-ақ, қадірменді қарттардың өсиет айту, өнеге көрсету, бата беру, шежіре сөз жарысы, «Әжелер ансамблінің» өнерін көпшілікке ұсыну, спорттық жарыстар өткізу тұрақты дәстүрге айналған. Ардагерлер ұйымының құрылғанына 30 жыл толған мерейтойы ауқымды түрде аталып отірді. Арнайы мерекелік медаль шығарылып, марапатталуы да ардагерлер абыройын асқатқатты. Оған қоса, «ЖСПО-2017» көрмесіне, Астана қаласының мерейтойына бір топ ардагерлер саяхаттап барса, мезгілінде бір жазда 100 ардагерге дейін санитариялық жабдығын, демалып қайтқан болатын. Сонымен қатар, тиісті ардагерлерге үлкен қалаларға барып, денсаулығын түзетуге квоталар алынып беріледі. Орайы келгенде, ардагерлердің тарихи ескі қалалар мен әулетілердің мәңгілік мекендеріне, эскерткіштеріне, тағзым жасалғаны да ауыз толтырып айтарлықтай. Мәселен, Арыстанбаб, Қожа Ахмет Ясауи, Түркістан қаласы мен Мағдұмы Ағзам, үш жүзге пір болған Мүсірәлі сопы, Жанқожа баба, Қызылбас Палуан, Бегім Ана, Қосым Қойжа басына, Ақирекке барып қайтқан қариялар ризашылығын білдірді. Аудандық, теміржол ауруханаларынан ардагерлерге арналған арнайы палаталар ашылып, жұмыс істеуде. Мұның бәрі – бүгінгі бағдар, ұрпаққа өнеге болар игіліктің жоралғысы.

Қазалы ауданы.

Оқиға

«ҚАНҚОЖАДАҒЫ» ҚАС-ҚАҒЫМ СӘТ

Жаздың аптабында мыңдаған адамдар өздерінің бос уақытын көлдер мен өзендер жағалауларында өткізеді. Шығыған ыстықта салқындамаққа суға сүңгігендердің кейбірі оқыс жағдайға ұрынып та жатады. Соны қайғымен аяқталатын оқиғалар да кездесіп қалады. Осы жазда Бәйгекүм ауылындағы «Қанқожа» көліне болған осындай оқыс жағдай кезінде сол жердегі демалушылардың құтқару жұмысына жан аямай атсалысып, бір азаматты ажалдан аман алып қалды.



...Алғашқыда Қуанышты судан алып шығуға бар күшін салған достары Шығыс Сейдахметов пен Айбол Романқұлов көп ұзамай өздерінің де қары талып, әлсірей бастағанын байқайды. Көл тұңғығына өздері де кететін қауіп туғанын сезген қос жігіт жұртшылыққа көмекке шақырады.

«5 тамыз күні отбасымызбен Бәйгекүмдағы демалыс орнына бардық. Келгенімізге 10-15 минут уақыт болған кезде 5 метрдей тұста бір жігіт көмекке шақырып, айқайлап тұр екен. Сол сәтте-ақ, ол ұстап тұрған адамның суға кетіп бара жатқанын көрдім. Жанымда жұбайымның немере інісі тұр еді. Ол бірден суға сүңгіп, үрлемелі баллонды ұстаған күйі суға батып бара жатқан жігітті сыртқа шығаруға тырысты. Артына жұбайым тағы бір немере інісімен бірге үшеулен, судан жігітті сыртқа шығарды. Жігіттің тынысы тоқтап, денесі көгеріп кеткен екен. Жүрек соғысы да байқалмады. Жұбайым – Нұрбол кеуіміз шұғыл

реанимациялық шараларды басталды, жасанды өкпе-жүрек реанимациясын жасадық. Сөйтіп, өкпемен тыныс алу, жүрек соғуы қалпына келді. Деру «Жедел жәрдемге» хабар берді. Олар жеткенше өз көлігімізбен Шиели күре-жолдық медициналық құтқару бекетіне жеткіздік» дейді сол оқиғаның куәгері Айжан Базарбаева.

Нұрбол мен Айжан бекетке жеткен реанимациямен жігітті Шиели ауданындағы ауруханаға жеткізеді. Реанимациялық кәсілдер мен пульсоксиметрді қосып, аудандық ауруханаға жеткенше науқастың бетін беру қаратпауға бар күшін салыпты. Аурухананың реанимация бөліміне түскен Қуаныш бірден тыныс алу аппаратына қосылды.

Жирма екі жастағы Қуаныш Бүркітбайды ажал тырнағанын арашалап қалғандарға тоқтала кетейік. Нұрбол Базарбаев облыстық медициналық орталығындағы эндоскопиялық бөлімшесінің I санаттағы интервенци-

онды кардиолог дәрігері, ал оның жұбайы Айжан Базарбаева Қызылорда облыстық балалар ауруханасында ультрарадиялық зерттеу дәрігері болып қызмет істейді. Отбасында 2 қыз, 1 ұл тәрбиелен отыр. Ал Қуанышты көп тұңғығынан алып шыққан жігіттер Нұрболдың інілері – Санкт-Петербург қаласындағы Киров атындағы әскери-медициналық Академияның II курс студенті Арман Қуанар мен оның ағасы Асхат Базарбаев ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері.

Қуаныштың әкесі Сұлтанбек ағай: «Баламды құтқаруға көмекке шақырған достарына, судан құтқарып қалған

Арман мен Асхатқа, алғашқы дәрігерлік көмек көрсеткен ерлі-зайыпты Нұрбол мен Айжанға, ауруханаға дер кезінде жеткізген Шиели күре-жолдық медициналық құтқару бекетінің ұжымына, ем шараларын жасаған, аяқтан тік тұрып, баламның өміріне жедел араша түскен аудандық аурухана қызметкерлеріне әжелік алғысым шексіз», – дейді.

Бізді Нұрбол мен Айжанның қиын сәтте қобалжымай, өз кәсіптеріне адалдық танытқаны қуантады. Олар болмаса, «Қанқожадағы» осы оқиға су құрбандарының қатарын тағы біреуге арттыратын еді. Азаматты ажалдан арашалап қалғандардың еректегі әркімнің қолынан келе бермейтін іс екені кәміл.

Айгүл НҰРМАНОВА,
облыстық ТЖД мемлекеттік тіл және ақпарат тобының бас маманы.

Densaулық

ТЕРІ АУРУЛАРЫНА ТЕРЕҢ МӘН БЕРГЕН АБЗАЛ

Ағамыздағы ақау адамның сырт келбетінен көрініс тауып жататынын белгілі. Әсіресе, тері арқылы. Сол себепті, ажарымызға әр бермек тұрмақ, сиқымызды қашыратын оларды дер кезінде елеп, мән берудің маңызы зор. Алайда, соңғы кезде тері ауруларының белен алып отырғанын мамандар анық айтады. Қала орталығындағы облыстық тері-венерология диспансері – осы мәселемен күнделікті бетке-бет келіп, тері ауруларының алдын алуға, оны емдеуге күш салып келе жатқан бірден-бір мекеме. Білікті дәрігер Қайрат Мырзахметов басшылық жасайтын диспансер былтыр 90 жылдығын атап өтті.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Сонау 1927 жылы аудандық денгейде ашылған диспансер кейін қалалық, ал, 1948 жылы облыстық мәртебеге ие болды. Бұрын орталық филиалдары барлық аудандарда болса, кейін келе ықшамдалды. Қазір тек Шиели, Жалағаш және Қазалы аудандарында ғана тәуліктік төсек орындары қалды. Қалған аудандарда аудандық емханалардың құрамында күндізгі емдеу бөлімі ретінде жұмыс жасайды. Облыстық диспансерде барлығы 98 кызметкер еңбек етеді. 60 төсектік тәуліктік аурухана бар. Диспансер заман талабына сай қызмет көрсету бағытында ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Мәселен, «Дер-

мато-косметология» бөлімінің қызметі сыртқы сұлулығына аса көңіл бөлетіндер үшін маңызды. Онда мамандар бетті күтудің жолдары, атап айтқанда, әжімдермен күрестің беттегі бөзесу, кара дақтар секілді теріуесті жаракаттарын жою үшін заманауи түрлі тәсілдерді қолдана отырып, жас әрі ажарлы болуға көмектеседі. Сонымен бірге, барлық тері ауруларын емдеу, алдын алу бағытында жұмыстар атқарады.

Сала мамандарының айтуынша, соңғы уақытта тері аурулары белен алууда. Әсіресе, атопикалық дерматит жай және микробтық экзема, псориаз, жалпақ қызыл теміртке сияқты

қытыр түрлерінің таралуы көбейіп тұрғанын айтады. Мәселен, псориаз тұқым қуалайтын кесел екен. Ескіше аты – теңге қотыр. Бұл ауру қалыпты жағдайда мазааламайды, тек денедегі ауруға қарсы тұратын күш – орталық жұмыс жүйесінің әлсіреуі, зат алмасудың бұзылуы, иммунитеттің төмендеуі салдарынан дерт өршиді екен.

– Бұл ауру жас таңдамайды. Тұқым қуалайтын да себептері бар. Әлі күнге дейін нақты бір емі табылған жоқ. Симптоматикалық ем жүргізіледі. Көктемде, күзде асқынатын көбейеді. Бірақ, бір-біріне жұқпайды, – делі диспансер бас дәрігері Қ.Мырзахметов.

Белгілі болғанындай, өткен жылы облыс бойынша 926 адам аталған дертпен есепке алынған.

Дәрігерлердің айтуынша, жалпы созылмалы тері ауруларының өршуіне, созылмалы дерматозға шалдығуға көбінесе асқазан-ішек жолындағы кеселдер себеп болады.

Сондай-ақ, мамандар жыныстық қатынас арқылы жұғатын инфекциялық аурулардың өсіп отырғанын айтады. Оның ішінде өңірімізде де көрсеткіш қатынас арқылы жұғатын инфек-

циялар 1,5-2 есеге дейін артқан. Басым бөлігін 18-40 жас аралығындағылар құрайды екен. Жалпы, жыныстық қатынас арқылы тарайтын аурулардың қазіргі кезде 40-қа тарта түрі бар болып шықты. Олар мезез, соз, хламидиоз, трихомониаз, бактериялық вагиноз, тағы басқа болып жалғаса береді.

Дәрігерлер аталған кеселдердің өршуінің бірден-бір себебін тұрғындардың ол аурулар жайлы бей-хабарлығымен байланыстырады. Олардың айтуынша, адам жан-жақты, толық ақпарат алмағандықтан, жұқпалы инфекциялардың салдары туралы білемгендіктен, денесінде кездескен дертті дер кезінде елемей, асқындырып, онымен қоса өзге де жұқтырады.

Бүгінде денсаулық сақтау саласында бірден-бір қауіпті әрі мән беретін инфекция түрі, яғни, венерологиялық аурулар ішіндегі кеңінен таралғаны – мезез болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінесек, жыл сайын әлемде 12 млн адам аталған дертке шалдығады екен. Біздің елімізде де жағдай мез емес. Оның ішінде өңірімізде де көрсеткіш көңіл көншітейді. Атап айтқанда, осы

жылдың алғашқы тоқсанында мезезбен аурушандық көрсеткіш 11,9-ды көрсеткен, яғни, 36 жағдай тіркелген. Аурушандық 18-44 жас аралығындағыларды қамтиды.

Мезез – созылмалы жұқпалы індет. Ол адам ағзасының барлық мүшесін жүйелі түрде зақымдайды.

– Онымен ауыратындар ауруханада емін алып шыққаннан кейін де үш жыл бойы диспансерлік есепте тұрады. Алғашында әр үш ай сайын қан тапсырып тұрады. Ауруынан әбден айыққанша дәрігердің бақылауында болады. Себебі, мезез елеуге болмайтын өте қауіпті сырқат. Бұл дерттің зардабы, әсіресе, жүкті әйелде өте қатерлі. Өйткені, оның ауруы құрсағындағы сәбиге беріледі. Егер ауру аяғы ауыр әйелде жүктіліктің алғашқы 12 аптасында болса, дәрігерлер оған қарсы тұрып бағады. Ал ол аралықтан өтіп кеткенде анықталса, дерт ішегі баланы зақымдап үлгеруі әбден мүмкін. Мұндай бала кеміс болып туылады. Осыны әр әйел білуі тиіс, – дейді мамандар.

Белгілі болғанындай, ауруға шалдыққандардың басым бөлігін жұмыс-

сыздар құрайды екен. Хәкім Абайдың «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық аздырар адам басын» деген уайымға толы сөзінің XXI ғасырда да өз мәнін жоғалтпағаны қандай өкінішті! Ал сала мамандарының қолынан келері – тұрғындардың тері ауруларына қатысты таным-түсінігін кеңейтіп, аурудың алдын алу бағытындағы ағартушылық-насихат жұмыстарын жандандыру, алдына келген сырқатты емдеу.

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы даму үшін жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Қазіргі денсаулық сақтау ісінде негізінен аурудың алдын алу, саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін жүзеге асыру, жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару» деп нақты көрсетілген болатын. Бұл орайда облыстық тері-венерологиялық диспансер мамандары да жаңа әдістері пайдалана отырып, ауруды емдеуге, түрлі тері ауруларының алдын алу бағытында талмай еңбектене бермек.

Жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізуді хабарлау және конкурс құжаттарының көшірмесін ұсыну

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығының 133-тармағының негізінде «Жалағаш ауданы Таң ауылдық округіндегі спорт кешенін жалға алу» жобасын іске асыру мақсатында жеке серіктесті айқындауда конкурс өткізілетінін хабарлайды.

1. Жобаның мақсаты: тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды спортпен қамту үшін жағдай жасау, оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін мүмкіндік орнату, спорт түрлері бойынша (бокс және дзюдо) дамуына жәрдемдесу, тұрғындарға спорттық қызмет көрсету мақсатында спорт кешенін жалға алу. Бұқаралық дене шынықтыру және сауықтыру бағытында дамытуда тиісті жағдайлар жасау. Қызылорда облысында дене шынықтыру және спорттың материалдық-техникалық базасын нығайту.

2. Жобаның техника-экономикалық талаптары:

- 1) жер учаскесінің алаңы - 0,0306 га;
- 2) жалпы алаңы - 271,5 м²;
3. Басты көрсеткіштері: спорт кешенінің ғимараты бір қабатты, жалпы көлемі 24,9м*11,5м. Салмақ тұсірілетін конструкция биіктігі 2,80 м кем емес. Ғимараттарда бокс және дзюдо залдары, жаттықтырушылар бөлмесі, медпункт, киім ауыстыратын және жуынатын бөімелер, әжетхана, сондай-ақ кіреберісі алаңы болуы қажет.

4. Ұйымдастырушының байланысу деректері: «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі, тел.: 8/7242/23-06-40, электронды пошта: ufs@kord.gov.kz, жауапты орындаушының А.Т.Ә. басқарманың қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы Жұматов Серік Айдарбекұлы.

5. Жоба ұсынысын берудің түпкілікті мерзімі: бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 30 (отыз) күн.

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР!

Бүгінгі таңда отандық табиғи газ жеткізушісі «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның алдында тұтынушылардың қарыздары үлкен сомаға жиналды. Ең ірі қарыздардың бірі – Қызылорда қаласының тұтынушылары арасында. Егер қалалық коммуналдық қызметтер 118 млн теңге қарыздана, халықтың үлесі 842 млн теңгені құрайды. Қазақстанда мемлекеттік қызмет көрсетудің нақты және уақытылы толеушілері зейнеткерлер мен қызметкерлер болып табылады. Айтарлықтай жұмыс жасайтын ірі компаниялармен серіктестіктер мол табыстарына қарамастан, бірнеше айлар мен кейде жылдар бойы төлемейді. Қызылордалық өндіріс филиалы тұтынушыға инасталған борышты өтеуге түрлі мүмкіндік берді, алайда, бұл іс-шаралар қажетті нәтиже бермеді. Осыған орай «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Қызылорда өндірістік филиалы 2018 жылдың 13 қыркүйегінен бастап 2018 жылдың 13 қазанына дейін тұтынылған газға берешекті жинауды бастады. Жұмысын бригадаларын тағайындап, алдын ала жасалынған тізімге сәйкес, белгілі мекенжайларға барып абонентті құбырдан түтікті кесу арқылы газдан ажыратады.

Сондай-ақ, газды қайта қалпына келтіру қарызды толығымен өтегеннен кейін, сондай-ақ газды өшіру, қайта қосу және іске қосу шығындарын төлегеннен кейін жүргізілетіні туралы еске саламыз.

Қарыздың өтелудің растайтын ақпаратты мына телефоннан табуға болады: 8/7242 / 55-17-40.

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-қорғалық басқару басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

КІРПШІ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиндық құралмен жабдықталған М-125 маркалы катпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

(10-4)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Арал ауданы әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаттар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығына маңызды бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі					
№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынғы балықтандыру көлемі
1	Қамбаш № 5 учаскесі	4200	Он жыл	Әуесқойлық (спорттық) балық аулау	735000
2	Шомышқал	500	Он жыл	Тауарлы балық өсіру (көпде – тауарлық балық өсіру шаруашылығы)	87500
3	Лайқол	280	Он жыл	Кәсіпшілік балық аулау	49000

Конкурсқа қажаттар топтамасын Арал ауданы, Бекмырза хан көшесі №11 а, «Арал аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммунальдық мекемесінің алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында (www.tabigat.e-kuzylorda.gov.kz) жарияланады.

Конкурсның өтінімдерді қабылдау мерзімі – 2018 жыл 01 қазан, сағат 17.30-ға дейін.

Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен қуаландырылады (егер болса, жеке тұлға үшін).

Конкурсның комиссиясы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

«Мәди Қажы атындағы» ЖШС-ның (БСН 040440019227) Жарғысы (мемлекеттік және орыс тілінде) және құрылтай шартының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Арипестик әлеуеті

ТІЛШІЛЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ



«Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газет редакторлары мен тілшілері «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясында болды. Ужымның шығармашылық-өндірістік әлеуетімен танысып, әріптестерімен өзара тәжірибе алмасты.

Жиында қазақ басылымдарының ақпарат таратудағы көкейкесті мәселелері талқыланды. Баслым өкілдерін бастап барған серіктестіктің бас директоры Аманжол Оңғарбаев: – Еліміздегі алдыңғы көпті бастап келе жатқан газет ұжымынан қай басылымның да үйренері көп. Бүгінгі

семинарда біраз сұрақтардың жауабын тапқандаймыз. Бас басылымның жұмыс істеу саясатындағы өзгеріске өте риза болдық. Әсіресе, интернет жүйесіндегі жаңаша қадамы ұнады, – деді.

Газет сайты бүгінде оқырманға жақын болу мақсатында мақалалармен

бірге видеожобалар жариялай бастады. Осы орайда YouTube-тан арнайы «Egemen TV» арнасы ашылды. Онда «Өрнек», «Стадион», «Сарапшы пікірі» секілді түрлі жобалар жарық көріп келеді. «Сыр медиа» журналистерін дәл осындай мультимедиялық бағытта ақпарат тарату ісі қызықтырды. «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары Қамбар Ахмет алдағы уақытта өзге өңір журналистері де тәжірибе алмасуға келетінін айтты.

– Сыр өңірінен келген әріптестеріміздің ынтыс зор екенін көрдік. Тәуір ұсыныстар айтты. «Егемен Қазақстанда» материалдар жариялап, бірлесіп жұмыс атқаруға ниет білдірді, – деді ол.

Облыс әкімінің кеңесшісі Динара Бисембинаның бастамасымен ұйымдастырылған семинар «Қазақстанская правда», «Казмедиа», «Спутник Қазақстан» ақпарат агенттігі, Назарбаев университеті және Президент орталығы ұжымдарында жалғасты.

«СБ» ақпарат.



SERGEK

МЕРУЕРТ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Сырдария ауданының тумасы Меруерт Қопболсынова таэквандодан Азия чемпионы атанды.

Жуырда Атырау қаласында Азия чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 20 елден 400-ден астам спортшы қатысты.

Осы долада 67 келі салмақ дәрежесінде бақ сынап, топ жарған Меруерт үш кездесуінде де қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, ел мерейін тастықты.

Атап айтқанда, бірінші кездесуін моңғолиялық спортшымен өткізіп, 5/2 есеп айырмасымен келесі айналымға жолдама алды. Ал, екінші кездесуінде иорданиялық спортшыны 4/1 есебімен тізе бүктірді. Тартысты өткен атық сында Өзбекстан мемлекетінің спортшысын 6/2 есебімен ұтып, Азия чемпионы атанған.

– Жемісінді жерлерімізге, туған ауданымыздың 90 жылдық мерейтойына арнаймын. Қолдау білдірген, сенім артқан барлық азаматтарға алғысым шексіз. Әсіресе, алғашқы бапкерім Марат Алдабергенов ағайға ризашылығымды білдіремін, – дейді жас спортшы.

Айта кету керек, аудан орталығындағы №35 И.Токтыбаев атындағы мектеп-лицейінің түлегі бүгінде ұлттық құраманың мүшесі, шығыс жекпегеніне кара белбеу иегері, спорт шебері және Қазақстан чемпионы.



«Qyzyl kitaptaǵy» qundylyǵy

Дала еркесіне дәнникендер қатаң жазаланады

Қарақұйрық – біздің өміріміздің батыс беткейіндегі Қызылқұм жазығын мекендеген дала еркесі.

Кейінгі жиырма жыл шамасында қарақұйрықтың саны азайып, құрып кету қаупі төнген соң Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабына» енгізілген. Осыған қарамастан, бұл жануарлардың обалын ойламайтындардың қаскөйлік әрекеттері тоқтамай тұр.



Биыл көктемде «ОХОТЗООПРОМ» Қызылорда аумақтық инспекторлары Г.Саттыбаев, А.Маханбетжанов, Е.Үсенбаевтар ан-құсты қорғау шаралары аясында Шиели ауданы тұрғындарының Қосүйенкі ауылының тау беткейінен бір қарақұйрықты атып алғандығын анықтағанын баян еткен еді. Осы қаскөйлерге сот шешімімен екі жыл алты айға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, екі миллион төрт жүз мың шамасындағы залалды мемлекет пайдасына өтеп, айғақ заттар ретіндегі автокөлік пен қарулары тәркіленді.

Бұл оқиға қаскөйлерге сабақ болмаған болуы керек, себебі 12 тамыз күні Жалағаш ауданына қарасты Желсаған деп аталатын далалық жерде астарына жол талғамынан джип автокөлігін мінген Қызылорда облысының үш азаматы үш бас қарақұйрық анын атып алды деген күдікпен құрықталып, Жалағаш аудандық ішкі істер бөліміне жеткізілді. ҚР ҚК-нің 337-бабының 4-бөлігі 2-тармағымен қылмыстық іс қозғалып тергеу амалдары жүргізілуде.

Сонымен қатар 2018 жылдың 11 қыркүйегі күні «ОХОТЗООПРОМ» ӨБ» РМҚК Қызылорда филиалының топ жетекшісі Р.Ибраев, инспекторлар Е.Раушанов, К.Нұрылдаев жүргізген рейдтік іс-шаралар барысында, Қазалы ауданындағы Қарыбай деп аталатын қыстауда екі бас қарақұйрық анын сойып, терісін сыпырып жатқандар ұсталды. Бұл азаматтардың кінәсі дәлелденсе, келтірген он үш миллион теңгелен астам залалды өндіріп, өздері бес жылға дейін темір торға тоғытылуы мүмкін.

Табиғат тыныштығын ойрандайтын қаскөйлерге заң қатал.

Берік ЖОРАБЕКОВ,
«ОХОТЗООПРОМ» Қызылорда
аумақтық филиал басшысы.

Өнегелі өмір



КЕЙУАНАНЫҢ АСТАНАҒА ТАРТУУЫ

Мәдениет ауылының тұрғыны, 96 жастағы Батыр ана Өтеш Тасжүрекқызы күні бүгінге дейін бау тоқып, түскізіп басады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеген кейуана бұл өнерге балалары мен немерелерін баулып жүр.

Өтеш ана өмірге 11 перзент алып келді. Олардан немере, шөбере сүйген бақытты әже. Жалпы Махановтар отбасы – үлгілі әулет, шаттыққа толы шаңырақ.

Бұл отбасына барғанымызда карт ана Елорданың 20 жылдығына арнап бау тоқып жатыр екен. Астанаға өзі жете алмаса да айтулы мерекеден қалыс қалғысы жоқ. Мемлекеттің әр жетістігіне қуанып, бүгінгі бейбіт өмірге шүкіршілік ететін ана ұлттық құндылықты жастарға дәріптеуді мақсат етеді.

Өмірдің ащысы мен тұщысын көрген әже еліміздің бүгінгі күні гүлденіп, өркендеп-дамып, бейбітшілік пен татулыққа болуының бағасы аса құнды, әрі аса мәнді екенін өзгелерден артық біледі.

Бұл әулетте «Еңбексіз ырыс жоқ» деген басты ұстаным бар. Асыл анадан өрбіген ұл-қыздардың барлығы ел дамуы жолында қажырлы еңбек етіп келеді. Отбасының ұйытқысы Өтеш анамыздың шаңырағындағы бау-бақшасы да жайқалып тұр. Онда жеміс талының түр-түрі бар. Тіпті жаңағакқа дейін өседі.

– Бұл жеміс ағаштарын әжеміз қолдап отырғызды. Көктем шыға жеміс талдардың түбіне көн салып күтіп-баптайды. Соның жемісі болса керек, жылда мол түйнектеп, өнімді мол

беретіні. Әжеміз әлі күнге дейін түскізіп басып, кілем тоқиды. Жүннен жіп іріп, одан түрлі үй жасауларын дайындау арқылы кезінде тұрмыстық керек-жаракты қамтамасыз еткен. Тіпті соғыс жылдары сарбаздарға арнап қолпап, шұлық та дайындапты, – дейді кейуананың ұл-қыздары.

Екі ғасырдың куәсі Өтеш қария шөбересінің тұсауын кесіп, айтулы азамат болсын деген тілек білдірді.

Жақсылық пен жанандықты, бейнет пен зейнетті, қиындық пен қуанышты қатар көрген анаға қарап, қарттықты ешқашан жаспен өлшенбейтініне, көңілді қартаймайтынына көзіміз жетті.

Н.ҚАЗЫБЕКОВ,
Жалағаш ауданы.

Қауіпсіздік

Тактикалық оқу-жаттығу

Жаңақорған кентінде орналасқан адам көп шоғырланатын «Нұр» орталық базарында өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді, деп хабарлайды аудандық төтенше жағдайлар бөлімі.

Оқу-жаттығудың мақсаты адам көп шоғырланатын жерде халықты қауіпсіз жерге көшіру, өрт ошағын сөндіру және «Нұр» базарының қызметкерлерінің өрт кезінде атқарылатын іс-әрекеттерін тексеру болды.

Аудандық ТЖБ-дан 3 қызметкер, 1-«San Yong Kuto» автокөлігі, ӨСБ-дан 26 қызметкер, 4 өрт сөндіру автокөлігі, жедел жәрдем қызметінен 3 қызметкер, 1 техника, Жергілікті полициядан 9 қызметкер, 4 бірлік автокөлігі, электр тарату торабынан 2 қызметкер, 1 техника және



«ҚазТрансГазАймақ» АҚ-дан 3 қызметкер, 1 бірлік техника қатыстырылды. Өр қызмет өз саласы бойынша тиісті жұмыс атқарды.

Оқу-жаттығу барысында өрт ошағы 80 м² құрап, оған келіп жеткен күш-құралдарының бір-

лескен іс-әрекеттерін үйлестіру бағыты бойынша және халықты қауіпсіз жерге көшіру жұмыстары атқарылды.

Гарнизон басшылығы оқу-жаттығудың өту барысына талдау жүргізді.

«СБ» ақпарат.

Үшінші турнир үздігі



Қызылордада Қазақстанның құрметті спорт қайраткері, Сыр футболының түлегі Сұлтан Әбеновтің жұлдісі үшін футболдан 2006 жылы туылған жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтті.

Биыл үшінші мәрте ұйымдастырылған турнирге еліміздің облыстарынан 12 команда қатысып, үздіктерді анықтады.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде Сұлтан Мұрашұлы барлық қатысушы командаларға донтарды сыйға тартты.

Турнир нәтижесінде «Қайсар» футбол орталығының командасы көш бастады. Олар финалда №6 облыстық футбол жөніндегі олимпиадалық резерв мектебінің командасын 1:0 есебімен ұтты. Үшінші орын Ақтөбе облысының

командасына бұйырды.

Жарыста «Үздік қорғаушы» номинациясын Данияр Болат (Ақтөбе) еншілессе, «Үздік жартылай қорғаушы» Думан Абызбай («Қайсар» ФО) атанды. «Үздік шабуылшы» Шаттық Мемілібаев (Сырдария), «Үздік қақпашы» Әлиқабар Әбілқайыр (№60 РМБЖМ), «Үздік ойыншы» Мақсат Жеттісбаев («Қайсар» ФО), «Үздік төрешілер» номинациясымен Елдос Аяпбергенов, Дінмұхаммед Есенбай, Николай Срыбник (Қызылорда) марапатталды.

Жеңімпаз және жұлдегер командалар медаль, кубок, дипломдармен марапатталса, номинация иегерлеріне естелік сыйлықтар табысталды.

«СБ» ақпарат.

Салауаттылық сайысы

Қазалыла салауатты өмір салтын насихаттау мен бұқаралық спортты дамыту тұрғысында түрлі спорттық шаралар жиі өткізіліп тұрады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Спортқа деген қызығушылықтың артуы осындай жоғары деңгейде ұйымдастырылған шаралардың жемісі екені анық. Бұл сайыстар қатарына соңғы жылдары дәстүрлі веложарыс қосылды. Өуесқойлар арасында өтетін сайыс көпшіліктің ықыласына бөленуде. Жайында «Ұлт саулығы» идеясын насихаттау барысында аудан орталығында өткізілген «Tur de Qazaly 2018» веложарысына 15-30 жас аралығындағы 50-ден астам спортшы қатысты.

Айта кетерлігі, жеңімпаздарды марапаттау 3 санатқа бөлінген болатын. «А» санаты бойынша I орынды Ырысбек Әубәкір, «В» санатымен Бауыржан Орынбасаров, «С» санаты бойынша Ақтөбе облысының жеңімпаз атанды. Велоспортты дамыту мақсатында өткізілген абсолюттік біріншілікте 18 шақырымдық жарыс жолында топ жарған спортшыларды марапаттау салтанатында аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ғани Темірбаев пен «Заң заңғары» компаниясының өкілі Рауан Есбергенов жеңімпаздар мен жұлдегерлерге дипломдар, медальдар, ақшалай және бағалы сыйлықтар тапсырды.

Қазалы ауданы.



Кезекші редактор Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» – ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28929
Тапсырыс №1465